



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖАСАУ АРҚЫЛЫ ЗАҢ БҰЗЫП ЖҮРГЕН ЖОҚПЫЗ БА?



Бүгінгі күні өзгеге жақсылық жасап, оны әлеуметтік желіге жариялауға асығатындардың саны артып барады. Жақсылықты әркім өзі үшін жасайтындығы, оны жария қылудың қажеті жоқтығын айтқанда, өзгеге үлгі болу басты мақсат екендігін алға тартады. Әрине, ол әркімнің өз таңдауы. Алайда, көптің алдында болып жатқан іс-әрекет ешқашан жасырын қалмауы керек. Сонымен қатар, блогерлер де қоғамда алатын орындары болғандықтан, заң аясындағы шектеулерге бағынуы тиіс.

(Соңы 3-бетте)

САРАП

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДАМУЫҮҮ ШІН КОНСТИТУЦИЯНЫ ӨЗГЕРТУ КЕРЕК

Биыл Қазақстанда қазақ тіліне – мемлекеттік тіл статусын қайтару мәселесінің қозғалғанына – 34 жыл, ал оның жүзеге асқанына – 32 жыл толды. Оны алғаш рет 1988 жылы республикалық ғылыми-практикалық конференцияда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Орталық Комитетінің хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков қозғаған болатын.

Өз баяндамасында қайраткер: «Мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінің статусы туралы мәселе түсіндіруді талап етеді, өйткені, республика Конституциясында ондай ереже жоқ» – деген көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері «тіл туралы мәселе – мәдениеттің ғана емес, сондай-ақ, саясаттың да мәселесі, мұның өзі аса әдептіліктің, республикаға ат берген ұлтқа, оның тіліне деген құрметтің табиғи көрінісі болар еді», – деп бұл мәселені көпшіліктің талқысына ұсынған болатын. Ал 1989 жылы Орталық Комитеттің идеологиялық комиссиясы дайындаған «Қазақ КСР-індегі тіл саясаты мен тіл құрылысының концепциясы» жобасында: «Қазақ тілінің бұрын да мемлекеттік тіл ретінде белгіленгені мәлім, бірақ ұлт саясатындағы қиғаштықтардың салдарынан саяси, мемлекеттік, ғылыми және мәдени өмірде лайықты дәрежеде қолданылмай келді. Сондықтан да қазақ тілінің мемлекеттік органдарда, қоғамдық ұйымдарда, ғылым, мәдениет, білім беру мен денсаулық сақтау

мекемелерінде, қызмет көрсету саласында кеңінен қолданылуына және барынша дамытылуына қазақ тілінде арнаулы орта және жоғары білім алу үшін жағдай жасау, оны үйренгісі келетін жұрттың бәрине мүмкіндік туғызу туралы қамқорлықты республика өз мойнына алу үшін қазақ тілін қорғау және дамыту мақсатында оны Қазақ КСР-інің мемлекеттік тілі деп ресми түрде, конституция жүзінде тану керек» – деп ұсынған еді. Соның нәтижесінде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1989 жылы 22 қыркүйекте «Тіл туралы заң» қабылдады. 1990 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енген бұл заңның 1-бабында «Қазақ тілі – Қазақ КСР-нің мемлекеттік тілі болып табылады» деп жазылды.

Осы арада «КСРО халықтарының тілдері туралы» одақтық заң 1990 жылдың 24 сәуірінде ғана қабылданғанын еске түсіре кеткен жөн шығар. Оның 4-бабында: «Одақтас, автономиялы республикалар тілдерінің праволық статусын анықтауға, соның ішінде оларды мемлекеттік тілдер ретінде

белгілеуге праволы» деп жазылғанын ескерсек бұл сол кезең үшін тіл майданындағы жеңіс деп бағалауға болатын іс еді. Егер бұған 1990 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Төралқасының шешімімен қабылданған «Қазақ тілі және Қазақ КСР-індегі басқа да ұлт тілдерін дамытудың 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасын» қосар болсақ, бір кездері КСРО құрамындағы одақтас, автономиялы республикаларға үлгі-өнеге болған Қазақстанда мемлекеттік тілдің үстемдігі әлі толық көрініс таппай келе жатқаны ғана өкінішті жағдай болып отыр.

Тіл жанашырларының айтуынша, мемлекеттік тілдің қолданылуына қатысты мәселенің бәрі 1995 жылы қабылданған Конституцияның 7-бабына тіреліп тұр. Оның 1-тармағында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» делінгенмен, 2-тармағында «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деп жазылған. Бұл елімізде тіл саясатына қатысты қаншама тұжырымдама, бағдарлама, ережелер қабылданғанымен ешбірінше қазақ тілін шын мәніндегі мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеріле алмауына түрткі болған басты фактор болып отыр.

(Соңы 5-бетте)

СҮЙНІШ!

БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС, республикалық «Заң газеті» басылымының мұрындық болуымен өтетін Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауы биыл да жалғасын табады. Бесінші рет ұйымдастырылып отырған додаға Қызылорда облысының әкімдігі қолдау көрсетпек. Бұйыртса биылғы жүлдегерлерді қазан айының соңына қарай қасиетті Сыр елінде марапаттаймыз.

БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ:

- детектив жанрының атасы Кемел Тоқаевтан кейін кенжелеп қалған жанрды жандандыру;
- детектив шығармалар жазуға деген көпшіліктің ынтасын ояту;
- шытырман шығармаға қызығушылықты арттыру;
- осы жанрдың көмегімен құқық қорғау, сот, адвокаттық салада еңбек етіп жүрген мамандардың еңбегін дәріптеу.

БАЙҚАУҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Соңғы үш жылда осы байқауға қатысып, бас жүлде мен бірінші орын алған адамдар байқауға қатыстырылмайды. Басқа үміткерлердің бақ сынауына толық мүмкіндігі бар.

Үміткерлер шығармасын zangazet@mail.ru эл.поштасына немесе Алматы қаласы, Досмұхамедов көшесі 68Б мекенжайына «Байқауға!» деген белгімен жолдай алады.

Байқауға жіберілген материал көлемі А4 форматында 14-шрифтпен жазылғанда 10 беттен аспауы керек. Шығармалар осы жылғы 30 қыркүйекке дейін қабылданады. Белгіленген мерзімнен кешігіп келген еңбектер байқауға қатыстырылмайды. Материалдар «Заң газетінде» және zanmedia.kz сайтында жарияланып тұрады. Сондай-ақ, детектив жанрының талаптарына сай келмейтін шығармалар қазылар назарына ұсынылмайды.

ЖҮЛДЕ ҚОРЫ ҚАНДАЙ?

Байқаудың бас жүлдесі – біреу, 1-орын – біреу, 2-орын – екеу, 3-орын – үшеу және бес ынталандыру сыйлығы қарастырылып отыр.

Биылғы жылдың бір ерекшелігі – оқырманның дауысына (дауыс онлайн жағдайда беріледі) ең көп ие болған үміткерге бірінші орынға тең дәрежеде жүлде тағайындалады. Сонымен бірге, жазуға қабілеті бар студент жастарды, жоғары сынып оқушыларын ынталандыру мақсатында да арнайы жүлде белгіленіп отыр.

Ал, құрметті оқырман!

**БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП, БАҚ СЫНАҢИЗ!
ІСКЕ СӨТ!**



АКЦИЯ

«ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІ» ТЕГІН КӨМЕК ҰСЫНАДЫ

«Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзін көресің» дейді данышпан қазақ. Шын мәнінде, жер бетіндегі теңгерімнің бұзылмауына мейірімнің, жанашырлықтың ықпалы орасан. Адамдар бір-біріне қолдау көрсетіп, қолтығынан демен жүрмесе, дүние әлдеқашан сұрқай тартып, сұлулығынан ажырап еді. Өмірді қызықтырып, болашақты мәнді ететін – жақсы адамдар!

Жаны жомарт, мақсаты ізгі жандар қолға алған кезекті бір акция – халыққа құқықтық көмек беруге бағытталып отыр. «Халық заңгері» жалпы республикалық акциясы 2022 жылдың 16 қыркүйегінде Қазақстанның барлық қалаларында бір мезгілде өтеді. Акция аясында кез келген қазақстандық білікті заңгерлерден, адвокаттардан тегін заңгерлік көмек ала алады.

(Соңы 3-бетте)

КӨЗҚАРАС

Қазақстан Республикасының Конституциясы әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар деп кепілдік береді.

Қылмыстық процесті жүргізетін орган қылмыстық процеске қатысатын азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, оларды жүзеге асыру үшін жағдай жасауға, қылмыстық процеске қатысушылардың заңды талаптарын қанағаттандыруға уақытылы шаралар қолдануға міндетті.

Осы норма қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі өндіріс қатысушыларына прокурор, қылмыстық қудалау органының шешімімен не әрекетімен (әрекетсіздігімен) олардың тікелей жеке құқықтары мен бостандықтарын және заңды мүдделері бұзылған жағдайда осы әрекеттерді сот тәртібінде шағымдануға мүмкіндік береді.



Ардак НҮРҒАЛИЕВ,
Павлодар қаласы мамандандырылған тергеу сотының төрағасы

ӘРКІМНІҢ СОТ АРҚЫЛЫ ҚОРҒАЛУҒА ҚҰҚЫ БАР

Прокурор, қылмыстық қудалау органының шешіміне не әрекеттері (әрекетсіздігіне) шағымдарды қарастыру сот тәртібі Қылмыстық-процестік кодекстің 106-бабымен қарастырылған.

Аталған норманың ережесі бойынша құқықтары мен бостандықтарын прокурордың, тергеу және анықтау органдарының әрекеті (әрекетсіздігі) және шешімі тікелей қозғайтын тұлға қылмыстық құқық бұзушылық туралы, сондай-ақ, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуында, тергеп-тексеру мерзімдерін үзуде, қылмыстық істі тоқтатуда, сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыруда, тінтуді және (немесе) алуды жүргізуде, өзге де әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасауда және шешімдерді қабылдауда заңның бұзылуы туралы арызды қабылдаудан бас тартуға шағыммен сотқа жүгінуге құқылы.

Бұдан басқа, сот шағымды қараған кезде істегі бар дәлелдемелерге баға бермей, арыз иесі өз шағымды көрсеткен барлық мән-жайларды сотқа дейінгі тергеу жүргізген тұлғамен, прокурормен арызданушының шағымдында көрсетілген барлық мән-жайлар ескеріліп тексергені анықтайды. Бұл ретте сот кінәні дәлелденгені немесе дәлелденбегені, жиналған дәлелдемелердің жол берілетіндігі немесе жол берілмейтіндігі ту-

ралы түйін жасамай, іс бойынша шешім қабылдау үшін материалдық-құқықтық және процестік негіздердің бар екенін не жоқ екенін тексеруге тиіс.

Шағымды қарау кезінде қылмыстық істің мәні бойынша қарауының нысанасы болып табылуы мүмкін мәселелерді алдын ала шешпеуге тиіс екенін атап өту керек.

Шағымдар сотқа дейінгі тергеу және сот талқылау барысында келтірілуі мүмкін. Қылмыстық істі қысқарту туралы шешіміне шағымдар сотқа дейінгі кезеңде қылмыстық қудалау органының тиісті қаулысы шыққаннан не прокурормен бекітілгеннен бастап бір жыл аралығында түсірілуі мүмкін.

Сотқа мұндай шағымдарды қылмыстық процесті жүргізетін орган тұрған жердегі аудандық сотқа, тұлғаның келіспеген шешімімен танысқан күннен бастап он бес тәулік ішінде не прокурордың өз атына берілген шағымды қанағаттандырудан бас тартатыны туралы хабарламасы алынғаннан кейін дәл сол мерзімде немесе, егер прокурорға берілген шағымға жауап алынбаған болса, шағым берілгеннен кейін он бес тәулік өткен күннен бастап берілуі мүмкін.

ҚПК 106-бап тәртібінде түскен шағымды тергеу судьясы үш тәулік ішінде сот отырысын өткізбей жеке-дара қарайды. Егер заңды және негізді шешім қабылдау үшін маңы-

зы бар мән-жайларды зерттеу қажет болса, тергеу судьясы шағымды он тәулік ішінде жабық сот отырысында тиісті тұлғалар мен прокурордың қатысуымен қарайды.

Қажет болған кезде тергеу судьясы қосымша материалдарды талап етіп алдырып, тиісті тұлғаларды шақыруға және олардан сұрақ алуға құқылы.

ҚПК 106-баптың тәртібінде формальды шағымдар, әрекеттер (әрекетсіздіктер) мен шешімдерге шағым түсіріледі, арызданушы үшін келеңсіз салдары жоқ, яғни прокуратураның жазбаша жауабына шағым, арызданушы прокуратураның жауабы қаулы нысанына шығарылмаған негіз бойынша заңсыз деп тануын өтінетін жауаптар.

ҚПК 104-бабының ережесі бойынша, шағымды қараушы прокурор немесе судья өз өкілеттіктері шегінде қылмыстық процеске қатысушылардың, сондай-ақ, өзге де жеке немесе заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге дереу шара қолдануға міндетті. Егер шағым жасалған, құқыққа сыйымсыз іс-әрекеттермен немесе шешімдермен жеке немесе заңды тұлғаға моральдық, дене немесе мүлкіктік зиян келтірілсе, оған осы құқықтың көзделген зиянның өтелуіне немесе жойылуына құқығы және сол құқықты жүзеге асырудың тәртібі түсіндірілуі тиіс.

БЕЛЕС

ЖАҢҒЫРҒАН ЖҮЙЕНІҢ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ КӨП

Тергеу соты Конституцияға және сот жүйесі мен Қазақстан Республикасының «Сот мәртебесі туралы» Конституциялық заңына сәйкес сот мәртебесіне ие. Мемлекет басшысы 2018 жылдың 31 шілдесінде өз міндеттерін атқара бастаған. Қазақстанның облыс орталықтарында мамандандырылған тергеу соттарын құру туралы жарлыққа қол қойды.

Тергеу сотының өкілеттіктерін бірнеше санатқа бөлуге болады: – қылмыстық процеске қатысушылардың конституциялық құқықтары мен бостандықтары бұзылуы мүмкін тергеу іс-әрекеттерін санкциялау; тергеушінің, прокурордың іс-әрекетсіздігіне және шешімдеріне шағымдарды қарастыру; қорғаушы жақ ұсынған дәлелдерді сотқа дейін алдын ала зерттеуді қамтамасыз ету; кодексте қажетті деп қарастырылған, өзге де іс жүргізу әрекеттерін орындау.

Бүгінгі таңда бұл институт өзінің жаңғыруын жалғастыруда. Сонымен қатар, Қылмыстық процессуалды кодекстің 106-бабының 1-тармағына сәйкес, адам құқықтары мен бостандығына қатысты прокурор шешімі, тергеу және анықтау органдары тарапынан сотқа дейінгі тергеу кезіндегі заң бұзушылық, тергеу уақытының үзілуі, қылмыстық істің тоқтатылуы, сот-медициналық сараптама жасау мақсатында мәжбүрлеп медицина бөліміне орналастыру, іздеу жұмыстарын жасау сияқты әрекеттермен (әрекетсіздіктер) қорғалатын тұлға сотқа қылмыстық құқықбұзушылық туралы өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы шағымдануға құқылы.

Жәбірленуші сотқа дейін іс жүргізу кезінде қылмыстық істі негізсіз тоқтатуға, сотқа шағымдануға құқылы, себебі, мұндай шешім оның сот арқылы қорғалу және келтірілген зиянның өтеміні төлету конституциялық құқығын бұзады. Заң азаматтық талапты қылмыстық процеске қарау арқылы жәбірленушіге қылмыстан немесе қылмыстық заңнаманы тыйым салынған әрекетінен келтірілген моральдық және мүлкіктік зиянның өтеміні төлетуді де көздейді. Прокурор қылмыстық іс жүргізудің барлық сатыларында азаматтардың кепілді құқықтары мен бостандықтарын сақтауды қамтамасыз етеді.

Қылмыстың мән-жайын мұқият зерделеу және терең білу мақсатында, қылмыстық істі сотқа дейінгі талқылаудың ерте сатыларында мемлекеттік айыптаушы күні бұрын тағайындалады. Қылмыстық істі сотқа жолдағаннан кейін одан әрі прокурордың қатысуы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, мемлекет мүдделерін қорғауға кепілдік болады. Осындай кепілдіктердің бірі ретінде адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау принципі жүреді.

Конституцияда 13-баптың 2-бөлігіне сәйкес, әр адам өзінің құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар. Кез келген жеке тұлға сотқа өзі тікелей немесе өзінің өкілі арқылы жүгіне алады. Бұл құқық ҚР ҚЖК 12-бабында да өз жалғасын тапты.

ШІКІР

МАЛ АШУЫ – ЖАН АШУЫ

– «Жеті жарғыны» жасауға қатысқан Әнет бабадан дүниеле не жаман деп сұраған екен, сонда бабамыз – үш жаман бар. Олар мыналар: Нақақ қан төгу, Кісі малын нақақ алу, Ата-бабадан қалған ескі жұртты бұзу, – деп айттышы. Міне, бабаларымыз мал ұрлығын, қан төгу, адам өлтіру қылмысымен қатар қойып, оны қылмыстың аса ауыр түріне жатқызып.

Иә, қазақтың құты – төрт түлік малда, – деп тегін айтылмаған. Амандық сұрасудың басын қол қысып, кеуде қағыстырып тұрып «мал-жаның аман ба» деуі де осыдан. Ертеде-ақ, мінез көлік, жесе ас етіп ұстаған, жанына жолдасы еткен малы ең даланың еркесіне айналған. Олардың жағдайын жасап, төрт түлікке жайлы болу үшін қыста қыстауға, жазда жайлауға көшеді.

Бірақ, қазір заман өзгерді. Көнедегідей арқаны кеңге салып, кең далаға өргізіп қойып, алаңсыз отыратын шақ емес. Малға қатыр төндіретін жыртқыштардан қорғап қана отыратын кездер келмесе кетті десек те болады. Өйткені, «екі-аяқты қасқырлар» тұз тағыларынан да қауіптірек.

Қазақ «Мал ашуы – жан ашуы» дейді. Күн көрісі тікелей мал шаруашылығына тәуелді болған кешегі бабаларымыздан қалған бұл нақылдың өзегінде ішпей-жемей малынан айырылған адамның жанай-қайы жатыр. Жанға батқаннан шыққан бұл сөздің өзекті ортеп, жүрекке ауыр салмақ



Илья КӘКІМ,
Көкшетау қаласы мамандандырылған тергеу сотының төрағасы

ҚР Конституциясының 77-бабының 3-тармағында сот төрелігін іске асыру қағидалары тұжырымдалған: жеке тұлғаның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі; бір құқықбұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды; сотта әркім өз сөзін тыңдауға құқылы.

Жеке тұлға және азамат құқықтары мен бостандықтарын сот қорғаумен қамтамасыз ету сонымен бірге сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту мен нығайту үшін Республика Президентінің «ҚР тәуелсіз сот жүйесін күшейту шаралары туралы» жарлығы шығарылады, соған сәйкес Жоғарғы Соттың жанынан сот әкімшілігі жөнінде комитет құрылып, сот органдарына атқарушы билік тәуелділігінен арылуға мүмкіндік туды. Соттардың тәуелсіздігі «ҚР сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» заңда да жалғасын тапты.

ҚР сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Конституциялық заңының 1-бабында – әркімге мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды және өзге де тұлғалардың құқықтарына, бостандықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін немесе оларды шектейтін кез келген заңсыз шешімдер мен іс-қимылдарынан сот арқылы қорғалуға кепілдік берілетіндігі туралы айтылған.

Тәуелсіз алқа билерінің соты қоғамды демократияландыруға жол ашса, ал алқа билер сотының қызметі халық билігінің конституциялық көрінісі. Алқа билер институты сот процесінің барысына ықпал жасай отырып, бір мезгілде жаппай құқықтық мәдениеттің тамыр жаюына, қоғам мен мемлекет арасында байланыс орнатылуына жәрдемдеседі.

Қылмыстық іс жүргізу процесі – қатысушылары әртүрлі тұлғалар болатын күрделі процесс. Олар қылмыстық істерді тергеуде және қарауда белсенді қатысуы тиіс. Бұл тұлғаларға кең процессуалдық құқықтар берілген. Қылмыстық іс жүргізуге қосымша қызметтер атқаратын, қылмыстық сот ісін жүргізуді іске асыруға өкілетті мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар құқылы. Олардың құқықтары мен міндеттері ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексімен реттеледі.

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

ӨЗГЕРІСТЕР СЫБАЙЛАСТЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ

ҚР Жоғарғы сотының бастамасымен ағымдағы жылда біршама жаңашылдықтар бойынша жобалар енгізу жоспарланған. Соның бірі эксауматтық соттылық.

ҚР Азаматтық-процестік кодексіне 20 желтоқсан 2021 жылғы № 84-VII Қазақстан Республикасының заңымен енгізілген өзгерістер ағымдағы жылдың 1 тамызынан бастап қолданысқа енді. Өзгерістерден кейін, АПК-тің 32-бабына (шарттық соттылық) сәйкес, тараптар өзара келісім бойынша істі сот талқылауына дайындау сатысында осы іс үшін, оның ішінде соттың іс жүргізуінде жатқан істер бойынша аумақтық соттылықты өзгерте алады, эксауматтық соттылықты таңдай алады.

Эксауматтық соттылықты таңдау туралы келісілген өтініш келіп түскен кезде іс автоматты түрде бөлінеді. Және істі соттың іс жүргізуінен республика бойынша мамандануы жағынан жүктемесі неғұрлым аз сотқа автоматты түрде қайта бөлу СО ААТЖ арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, азаматтар елдің басқа облыстарында отырып өзге облыстың соттарында істі қарауға қатысатын болады. Мұндай өтініш тараптардан түскен кезде іс сот талқылауына дайындау бөлігінде қайта бөлінуге жатады.

Бұл жаңашылдықтар сыбайлас жемқорлық мәселелерінің алдын алуға септігін тигізеді деп күтілуде. Жоғарыда аталған заңмен АПК-тің 135-бабының 2-тармақшасы кодекстен алынып тасталды.

Өзгерістерге сәйкес, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы аударымдарын аудару туралы талаптар – сот бұйрығы шығарылатын талаптар қатарынан алынып тасталды. Өзгеріс ағымдағы жылдың 1 тамызынан бастап қолданысқа енгізілді. Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы заңнамаға да бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

ҚР ІІ шілдедегі 2022 № 137-VII заңымен Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасы кодексінің (ӘҚБҒК) 436-бабының (пиротехникалық

бұйымдарды елді мекендерде қолдану) 1-бөлігі, яғни елді мекендерде және бұл үшін бөлінбеген орындарда атыс қаруынан, газды, электрлі (өзін-өзі қорғау жағдайларын қоспағанда), пневматикалық және лактырылатын қарудан оқ ату алынып тасталды.

Сондай-ақ, осы заңмен, кодекстің 590-бабы (Көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзу) 2-1-бөлігімен толықтырылған. Яғни, мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілері (белгісі) жоқ немесе пайдалануға тыйым салынғаннан кейін немесе белгіленген тәртіппен тіркелмеген көлік құралын басқарғаны үшін әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеті үшін жауаптылық қарастырылып, санкциясында жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе бір жыл мерзімге көлік құралдарын басқару құқығынан айыру қолданылуы қарастырылған.

Кодекстің 613-бабына да бірқатар өзгерістер енгізуі көзделген.

Баптың 1-бөлігінің санкциясында, ішкі істер, әскери полиция органдары қызметкерінің, көліктік бақылау органдары қызметкерінің ҚР аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінде көлік құралын тоқтату туралы заңды талабын орындамағаны үшін, айыппұл мөлшері 30-дан 40 АЕК айыппұлға дейін артты.

Аталған бап3-1-бөлігінің санкциясында, яғни мұндай құқық бұзушылықты көлік құралдарын басқару құқығы жоқ не басқару құқығынан айырылған адам жасаған әрекеті үшін бұрын 50 АЕК мөлшерінде айыппұл көзделсе, енді 60 АЕК не он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамалға алу жазасы белгіленеді. Аталған өзгерістер алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Еділ ҚҰДАЙБЕРГЕН,
Хромтау аудандық сотының судьясы

М.РЫСЖАНОВ,
Шахтинск қалалық сотының судьясы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖАСАУ АРҚЫЛЫ ЗАҢ БҰЗЫП ЖҮРГЕН ЖОҚПЫЗ БА?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Соңғы жаңалықтар бойынша, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Азаматтық қоғам істері комитетінің төрағасы Мадияр Қожахмет Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте блогерлердің келісімшарт жасасуы жөнінде мәселе қозғады. Ал бұл мәселеге қатысты қоғам арасында пікірлер әртүрлі.

Динара БОЛАТ,
блогер, қоғам белсендісі:

«Блогерлер халықты адал табыс табуға үйрету керек»



Шынымен соңғы жылдары әлеуметтік желі бойынша және сондағы оқырмандар арқылы қайырымдылық жасау шаралары көбейіп кетті. Алайда, оның заңдылығын, қаржының көзделген мақсатта жұмсалып жатқандығын тексеріп отырған ешкім жоқ. Мен де блогермін. Блогер болғандықтан әртүрлі жағдайларды басымыздан кешіп жатамыз. Осы қаржылай көмек жасау бойынша, әсіресе дертке шалдыққан балаларға байланысты ұсыныстар көп келеді деп айта аламын. Сол кезде өз басым баланың құжаттарын толық тексеріп шығуға тырысамын. Кейде диагноз қойған дәрігердің өзін ғаламтор арқылы табу қиынға соғады. Ондай кезде ол ұсыныстан бас тартамын. Жалпы соңғы уақытта мен бұл көмектердің санын азайтып жатырмын. Себебі, мен онколог дәрігермен сөйлестім. Оның айтуынша, егер емдеп жазуға болатын дерт болса, оның емі Қазақстанда да бар екен. Ал емдеуге келмейтін дертке шалдыққандар соңғы үмітін ұсыныста түйіп алып, еміне қаржы сұрайтындығы жөнінде айтты.

Жалпы, блогерлер ауқымды науқан (акция) ретінде тікелей эфирлер жүргізіп, минут, сағат санап ақша жинап баспана алып беретін қор ретінде өз жұмыстарын жүргізіп жатыр. Естүім бойынша, бұл шараны өткізіп бергендігі үшін жиналған қаражаттан алатын өздерінің үлесі де бар екен. Сол үшін менің ойымша, бұл іс-әрекеттерді заңдастырып, тексеру қажет. Сонымен қатар, біз халықты дайын асқа, жеңіл ақшаға үйретіп жатқанымызды байқамаймыз. Мұның артында «кез келген блогер мәселемді шеше алады, сұрасам қаржы береді» дегендей үміт пен жалқаулық араласқан бір ой болады. Ал негізінде, біз – блогерлер, халықтың көзін ашып, табыс тауып, еңбекпен нан табу жолдарын көрсетіп, өз бетімен әрекет етуге үйретіп отыруымыз керек. Әрине әркімнің басында болуы мүмкін жағдайлар бар. Нағыз көмек көрсету қажет сәттер де кезігеді. Алайда, қандай жағдай болмасын барлығы заң жүзінде орындалуын күп көреміз.

Гүлмира ҚАРАСАЙ,
қаржылық істер бойынша заңгер:

«Жеке тұлға қайырымдылық үшін деп ешкімнен ешқандай ақша жинай алмайды»

Жалпы, қайырымдылыққа ақша жинау бар және жиналған ақшаны біреуге көмек ретінде беруде бар. Яғни, бұл жерде екі азаматтық құқықтық қарым-қатынас туындайды. Бірінші



азаматтық құқықтық қарым-қатынас – ақша жинайтын блогер мен сол блогерге қайырымдылық ретінде ақша жіберетін адамдар (оқырмандары) арасындағы қарым-қатынас. Заң бойынша қайырымдылыққа қаражат жинауды жүзеге асыру – тек қана заңды тұлғаға рұқсат етілген. Яғни, заңға назар аударатын болсақ, жеке тұлға қайырымдылық үшін деп ешкімнен ешқандай ақша жинай алмайды. Заң бойынша бұл ҚР Әділет департаментінде тіркелген заңды тұлға, қайырымдылық қор болуы тиіс. Тіркелген соң оның БИН нөмірі (бизнес идентификациялық нөмір), мекенжайы және міндетті түрде заңды тұлғаның банктегі есепшоты болады. Ал блогердің есепшоты физикалық тұлға (жеке тұлға) ретінде бөлек. Егер блогер қаржы жинайтын болса, ең алдымен заңды тұлға ретінде қайырымдылық қор ашып, оны компания ретінде тіркеген соң ғана сол заңды тұлғаның есепшоты ашылады. Оқырмандардан түсетін ақша блогердің жеке шотына емес, осы қайырымдылық қордың заңды тұлғаның есепшотына түсуі керек. Ал екінші қарым-қатынас – блогермен немесе осы қайырымдылық қор мен мұқтаж адамның (баспанаға, емге) арасында туындайды. Бұл қарым-қатынастың басты талабы – қайырымдылық қордың яғни заңды тұлғаның есепшотына түскен қаржыны сол мұқтаж адамның есепшотына аудару керек. Оның қолына қолма-қол беруге болмайды. Сонымен қатар, бұл жерде екі тұлғаның арасында келісімшарт болады. Жалпы көп жағдайда қаражат баланың еміне жиналады. Мысал ретінде келісімшарт

оралатын болсақ, осы тұста барлығы анық, еш жасырусыз көрініп тұруы үшін, оқырман блогерден немесе қайырымдылық қордан есеп талап ете алады. Сондықтан қайырымдылық қор өзінің қызметін ашық көрсетуі тиіс.

Елімізде көптеген қайырымдылық қордың сайттары бар және ол жерде белгілі бір уақыт аралығындағы қанша қаражат жиналғандығын, жылдық есепті нақты сандармен көрсетеді. Қандай балаға қанша қаражат жиналып, жалпы еміне қаншасы жетпей қалғандығы жөнінде де үнемі ақпарат беріліп отырады. Ал енді блогерлердің өзінің қаспи голдына ақша жинауына тоқтала-

ратын қызметін анық көрсетуі тиіс. Мысалы, қайырымдылық қорда жарғы (уставка) болады, сол жарғыда «Баспанаға мұқтаж отбасыға көмектесу», «Жастардың кәсібін ашуға көмектесу», «Аутизммен ауыратын балаларға көмектесу» немесе «Жалғыз басты аналардың кәсібін бастауға, аяққа тұруға көмектесу» деген сияқты дәл осы әлеуметтік мұқтаж топтың қайсысына және қалай көмектесетіндігі туралы миссиясы әрбір қайырымдылық қордың жарғысында көрсетілуі міндетті. Яғни, бұл қор туралы ақпарат баршаға белгілі болуы керек. Осы қайырымдылық қор туралы ақпарат салық комитетінің

қайырымдылық қор өзінің жарғысында жазылғаны бойынша анықтауы тиіс. Сонымен қатар, қайырымдылық қорда басшы ғана емес, өзінің кеңесу мүшесі бар. Ол мүшеге кіретін белгілі бір адамдар көрсетіледі. Кеңестегі мүше адам саны кемінде үшеу болуы керек. Олар бірігіп шешім қабылдайды және қор көмектесетін не көмектеспейтін өтініш берушілерге оның негізгі себебі көрсетіледі.

Төменде көрсетілген 15 және 16-баптар бойынша, қордың нақты көмек беретін сферасы мен шешім қабылдайтын қамқоршылық кеңесі болуы керек. Қамқоршылық кеңестегі адам саны екі адамнан көп болуы керек. Мысалы, үш немесе бес адам. Олар өзара ақылдасып, көмек беретін адамның құжаттарын тексеріп, шешім қабылдайды. Ал мұны жалғыз блогер атқара алмайтындығы айтпаса да түсінікті.

Жалпы қайырымдылық қорды тіркеп, қаржыны соның есепшотына жинау блогер үшін де, қаржыны жіберген адам үшін де тиімді екенін ескеру қажет. Өйткені, біріншіден қаржылай көмек беруші адам беріп жатқан қаржысының қайда кетіп жатқанын хабардар болады. Екіншіден, «қаражаттың жартысын өзіне алып алды» дегендей артық әнгімелер болмайды. Қарапайым мысал: блогер өткен айда қайырымдылыққа қаржы жинап, осы айда шетелде демалып жүрсе, «жинаған ақшаға демалып, қыдырып жүр» деген алып қашпа әнгімелерден адал болатын еді?!

БІЛГЕН ЖӨН:

Қайырымдылық туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы № 402-V ҚРЗ. 8-бап

2. Қайырымдылық ұйымы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға;

2) өз мүшелеріне (қатысушыларына) олардың құқықтары мен мүдделерін қозғайтын құжаттармен және шешімдермен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

3) өз мүшелеріне (қатысушыларына) мүліктің түсуі және жұмсалыуы туралы ақпарат беруге міндетті

Қайырымдылық ұйымының жарғысы

1. Қайырымдылық ұйымы жарғының негізінде әрекет етеді.

2. Қайырымдылық ұйымының жарғысында:

1) қызметтің атауы, нысанасы мен мақсаты көрсетілуі тиіс

16-бап. Қайырымдылық ұйымының басқару органдары

1. Қайырымдылық ұйымының жарғысында көзделген тәртіппен қалыптастырылатын алқалы орган – қамқоршылық кеңес қайырымдылық ұйымының жоғары басқару органы болып табылады.

2. Қамқоршылық кеңес қайырымдылық ұйымының атқарушы органын тағайындайды, қайырымдылық ұйымы қызметінің оның жарғысының мақсатына сай болуын бақылауды, сондай-ақ жарғыда бекітілген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.



үлгісі мынандай болады: «*** қайырымдылық қоры жиналған 100 млн. теңгені *** жылы туған, ИИН нөмірі: ***** баланың еміне берді». Бұл қаражат баланың еміне арналып, оның ата-анасының біреуінің шотына түскен соң, ол адам қаражатты басқа біреудің еміне, баспана, көлік алуға қолдана алмайды. Қаражат тек қана сол баланың еміне ғана қолданылады. Еміне не нәрселер жатады? Оған: дәрі-дәрмек алу, ақылды дәрігерлік қызметтерге жүгіну, шетелге емделетін болса қолға жұмсау, жататын орнына төлеу, емханаға қаралғанына төлеу сынды әртүрлі қызметтер жатады. Сонымен қатар, тағы бір есте ұстайтын дүние: әр сатып аларда төленген заттың квитанциясын алып отыру керек. Яғни, сол қаражатты мақсатты түрде жұмсау керек.

Жоғарыда айтылған бірінші қарым-қатынасқа (блогер мен оқырман арасындағы қарым-қатынас) қайта

тын болсам, бұл нәрсеге мен түбегейлі қарсымын. Бұл біріншіден, заңға қайшы. Екіншіден, блогерге деген оқырмандар тарапынан сенімсіздік туындауына әсер етеді. Кейбір блогерлер өз шотына ақша жинап, мұқтаж жандарға баспана алып беріп жатыр, бірақ сол іс-әрекетін жариялап салған постының астына әртүрлі пікірлер жазылады. Сол себепті, өзінің ар-намысына ешқандай кір келтірмес үшін, әр іс-әрекетті ашық көрсеткен жөн. Яғни, қайырымдылық жасағыңыз келсе заң аясында қайырымдылық қорын ашып, соның есепшотына қаржы жинау керек. Сонымен қатар, кейін салық комитеті, прокуратура тексерген уақытта, жасалған істер жөнінде есептеріңіз дайын тұрады. Бұл заң алдында да, халық алдында да арыңыз таза екендігіне дәлел болады.

Тағы бір айта кететін маңызды жайт – қайырымдылық қор өзінің жұмыс жасайтын бағытын, миссиясын, атқа-

және қордың өз сайты болса сол жерде көрсетіліп тұруы қажет. Мысалы, «Көпбалалы аналардың балаларын оқытуға көмектесу» деген қызметтегі қайырымдылық қор екендігі жарғысында көрсетілген болса, демек көпбалалы ана осы қайырымдылық қорға өтініш жазып, жүгінуге құқылы. Өтініш үлгісі бойынша: «Өтінемін, менің осындай жастағы балам колледжге немесе осы университетке грантка түсе алмай қалды. Оның оқуына ақшалай көмек беруіңізді сұраймын» деп жазу керек. Бұл жазылған өтінішті қайырымдылық қордың басшысы қарайды. Егер қордың есепшотында қаржы бар болса, онда ол сұраған адамға көмектесуі қажет. Өйтпесе, қазіргі таңда қаржыны өз есепшотына жинап және кімге көмектесу керек деген сауалға жауапты блогердің өзі беріп отыр. Негізінде бұл нәрселер заң бойынша шешілуі керек. Кімге көмектесу керектігін блогер емес,

P.S Блогерлердің қателігі немес заңбұзу әрекеттері:

Блогерлердің көп жіберетін қателігі деп мына дүниені айтар едік. Мәселен, кофейняға барсаңыз, «Мен бүгін 5 мың теңге салдым, кешке дейін 20 мыңға айналдырып аламын. Егер қызықтырса сілтемеге от» деп жарнама жасап тұрады. Сол сілтемеге кірсеңіз, онлайн ойындар шыға келеді. Елімізде лотерея ойнау үшін және казино қызметін қаланың сыртында орналасқан, арнайы компания ашып, салық төлеп, тек қана рұқсатпен жұмыс жасауға болады. Ал өкінішке орай, бізде онлайн казинолар бар және оны жастардың өздері жарнамалап жүр. Әсіресе, 16-25 жас аралығындағы жастар осындай өрескел қателік жіберіп жатыр. Жалпы, осындай лотерея мен онлайн казиноларды жарнамалағаны үшін блогерлерді жауапқа тарту қажет деп есептеймін. Оларға мұның дұрыс емес екендігін айтқанда: «Мен білмей қалдым, жарнамаға ұсыныс түскен соң жарнамалай салдым» дегендей ақталуларын айтады. Алайда оқырманына жариялаған 16 жастағы жасөспірім сол жарнамасымен өзге 16 жасар балаларды құмар ойынға тартып отырғанын түсінуі керек.

Заң ортақ. Қарапайым жасөспірімді жалған ақшамен қызықтырып, құмар ойындарына, әртүрлі сұзсыз табыстарға итермелеу, олардың психикасын бұзу адам ретінде де, заң шеңберінде де үлкен қылмыс, ауыр күнә. Осы жауапкершілікті табысты блогер, пиарщиктер түсінетін күн туды. Интернет беттері мен әлеуметтік желілерде оларға заңмен тыйым салу, құқықтық жауапкершіліктерге тарту дер кезінде, орынды қозғалып жатқан мәселе. Тек көп ұзатпай бұл жағдайдың барлық қырлары заңмен реттелуі қажет.

Жібек ҚУДАЙБЕРГЕНОВА

ТУҒЫР

БАСТЫ БАҒДАРШАМ

Әр елдің қалқан етер, арқа сүйер негізгі заңы – Конституция. Бұл құжат мемлекеттің демократиялық, зайырлы, құқықтық ел екенін айқындайды. Елдегі барлық заңдар мен кодекстер Конституциядан бастау алады, Ата Заңның шеңберінен шықпайды. Сөйкесінше, Қазақстандағы барлық қарым-қатынас, мемлекеттік қызмет тек Конституцияны басшылыққа ала отырып жүзеге асады. Биыл Ата Заңымыздың қабылданғанына – 27 жыл.

1995 жылы 30 тамызда Қазақстанның негізгі заңы халықтың бірауыз қолдауымен, референдум барысында қабылданған болатын. Онда Қазақстанның дербестігін жариялаумен бірге, аумақтық тұтастықты сақтау және елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету сияқты өткір мәселелер шешімін тапты. Тарихқа шегінің жасасақ, бұл заңның Қазақстандағы алғашқы Конституция еместігіне көз жеткіземіз. Заң мен тәртіпке ежелден бас иген халқымыз Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолы, Әз-Тәукеңің Жеті Жарғысы секілді құқықтық құжаттар арқылы ел ішіндегі тыныштық пен татулықты сақтаған. Одан бергі Кеңес одағы кезінде қабылданған Конституция мен тәуелсіздіктің алғашқы кезінде дайындалған құжат та мемлекеттегі құқықтық теңдіктің кепілі бола білді. Десек те, уақыт көшіне ілесу үшін қоғам мен адамның сұранысын ескеру қалыпты жағдай. Конституциялар жаңғыруының негізгі себебін де осы тұстан іздеген жөн.

1995 жылғы 30 тамыз – тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ерекше атаулы күн. Бұл – өркениетті, құқықтық зайырлы мемлекеттің бас құжаты көпшілік дауыспен



қабылданған күн. Жалпыхалықтық референдумда дауыс беру арқылы азаматтар өз дауысының мемлекет үшін маңызды екенін түсінді. Осы арқылы азаматтар қоғамның дамуындағы өз ролін пайымдады. Конституцияны қабылдай отырып, халық демократиялық, құқықтық мемлекет құруға мүдделі екенін паш етті.

Конституция «Халқымыз, байырғы қазақ жерінде мемлекет құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және ұлтаралық татулық азаматтық қоғам ретінде дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуы көздей отырып және болашақ ұрпақтар алдында жоғары жауапкершілігімізді сезініп, осы құжатты қабылдадық» деген сөйлеммен басталады. Осы бір ғана тіркестің өзі Ата Заңның ел ішіндегі еркіндікке, теңдікке, ұлтаралық татулыққа, дамуға, ұрпақ болашағына жауапты екенін аңғартады. Жүзден аса ұлт пен ұлысты топтастырған мемлекет үшін мұндай жеңіліс белгіленуі орынды. Әрі Конституцияның 27 жылдық тарихын таразылай

отырып жоғарыдағы міндеттердің мінсіз орындалғанына көз жеткізесіз.

Тоғыз бөлімнен тұратын Ата Заңда ел азаматтарының алаңсыз өмір сүріп, қауіпсіздігінің сақталуына, құқығының қорғалуына, өз таңдауымен мамандық менгеріп, кәсіп етуіне толық жағдай жасалған. Конституция біз үшін алдағы уақытта да өзіміздің биік мақсатымыз – мемлекеттің әлеуметтік жағдайын көтеретін, азаматтардың дәулетті және заманға лайықты өмір сүруіне барлық жағдай жасайтын, тәуелсіз еліміздің өркениетті мемлекет болу жолындағы ілгері басуымызды реттейтін шуақты да басты бағдаршам. Сондықтан, Ата Заңның маңызын көрсететін, мәртебесін биіктететін шаралар үнемі қолға алынып отыруы керек.

А.ТІЛЕПОВА,
Алматы қаласы
Жетісу аудандық №2 сотының
сұясы

КИЕ

ТІЛ МӘРТЕБЕСІ – ЕЛ МЕРЕЙІ



Қазақстанның егеменді, тәуелсіз мемлекет екендігін айқындайтын негізгі Конституциялық құқық белгілерінің бірі – мемлекеттік тіл.

Мемлекеттік тіл тәуелсіз еліміздің негізгі рәміздерінің бірі болып саналады. Әрбір өркениетті елдің – Туы, Елтаңбасы, Әнұраны, шекарасы болатыны секілді мемлекеттік тілі де болады. Демек, мемлекеттік тіл де егеменді еліміздің, мемлекетіміздің бір белгісі. ҚР Конституциясының 7-бабында «ҚР мемлекеттік тілі – қазақ тілі» деп нақты көрсетілген. Қазақ тілі тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл – ортақ тіліміз. Тіл мәр-

тебесі – ел мерейі. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес.

Біздің тіліміз, мәдениетіміздің дамуы еліміздің өркендеп өсуімен тығыз байланысты. Олай болса, мемлекеттік тілді білу, оған құрметпен қарап оны күнделікті өмірде қолдану тұрмыс-салтымыздың, мінез-құлқымыздың бөлінбес бөлігі болуы қажет. Мемлекеттік тілді меңгеру елдің бірлігін білдіреді. Сонда ғана «тіл мәртебесі – ел мерейі» деп мақтанышпен айта аламыз. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегенмен алдымен қазақ ағайындар бәрі өзімізге байланысты. «Білімділіктің ең басты шарты туған тілінде сөйлеу мен оны сыйлаудан басталады» деген ұлы ойшыл Ретель. Қазақ тілінің мәртебесін көтеру – біздің міндетіміз.

Менің елім – көп ұлтты Қазақстан. Қанша ұлттың баласы бір анадан туғандай тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Қазақстанда ұлттар арасында татулық пен бірлік, ынтымақтастық пен достық орнағаны – бәріміз үшін мақтаныш.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын, мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу

және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Бірақ өкінішке орай, осы уақытқа дейін мемлекетіміздің бүкіл салаларындағы жұмыстардың көпшілігі тек ресми тілде жүргізіліп отырды. Сондықтан ең бастысы – өзіміз тілімізді құрметтеп сыйлауымыз керек, ана тіліне жәй көңіл бөліп қана қоймай, одан әрі қарай жетілуіне заң жүзінде дамуына үлесімізді қосу және ана тілінде іс қағаздарын жүргізуді дамытуды қалыптастыруға күш салу қажет.

Сот ісін жүргізу тілі сотқа берілген құжаттардың берілуіне қарай жүргізіледі, әрбір азамат істі өзінің ана тілінде, немесе өзі білетін басқа тілде жүргізуді талап етуге құқылы және өздері білетін басқа тілде мәлімдеме жасау, түсіністікпен жауап беру, өтініш білдіру, шағым жасау, іс материалдарымен танысу, сотта сөйлеу және кодексте белгіленген тәртіппен аудармашының қызметін тегін пайдалану құқығы түсіндіріледі, сол сияқты онымен қамтамасыз етіледі.

Әсел БЕКМҰХАНОВА,
Атырау облыстық қылмыстық
істер жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының жетекші
маманы

НИЕТ БАР ЖЕРДЕ
ІЗДЕНІС НӨТИЖЕЛІ БОЛМАҚ

Тіл туралы – жазудан, ол туралы айтудан қашпау да, жалқыпау да керек. Тіл – ұлттың аса ұлы игілігі, әрі оның ажырағысыз белгісі. Себебі, тіл халықтың жүрегі. Қандай да бір халықтың болмысы, өркениеттілігі, саналылығы, кең мағынасында сауаттылығы соның тіл мәдениетімен, сол тілдің қолданыс ауқымына байланысты кендігімен өлшенеді. Сондықтан әр халық өз тілінде мақтанып қана қоймай, оны дамытып, жұмыс жасауы керек. Қазір әлемде жойылып кетуі мүмкін тілдер қатары бар. Одан қала берді отар болған елдердің де тілдері сол держава тіліне бағынып, өз өмір сүру салтын жоғалтады. Тілге құрмет – елге құрмет. Шындығында қазақ халқы тілге шешен, астарлап сөйлеудің хас шебері екені тарихымыздан белгілі. Өткенсіз болашақ жоқ деген сөз тегін айтылмаса керек. Өткен тарихымызға көз жүгіртсек, жер мен жесір дауын алқалы жиындарда бір ауыз сөзбен шешкен билеріміз қаншама. Қазақтың би-шешендері даулы мәселелерді шешіп, елдің рудың қақтығысуынан аман алып қала білді. Бұл нені білдіреді? Бұл қазақ халқының сөзге тоқтай білгендігін. Бұл алдыңғы толқын ағалардың сөз қадірін білгендігін дәлелдей түседі. Басқалай айту мүмкін емес. «Қазақтың тілі

– қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, діні де – тілінде. В.Радлов айтқандай, қазақ тілі – ең таза әрі бай тілдің бірі.

Тіл өткен тарихпен ғана емес, бүгін мен болашақты байланыстыратын құрал. Қазіргі таңда өнер, әдебиет, мәдениет, баспасөз, радио, теледидарымыз 90 - жылдарға қарағанда қазақша сайрап тұр. Бұл біздің мемлекеттік тіліміздің мәртебесінің асқақтағаны. Бұл осы уақытқа дейін барлық мүмкін болар оңды-солды жағдайды жете бағамдай отырып жүргізілген мемлекеттік тіл саясатының нәтижесі. Тіл – ең ұлы қару. Тіл – ең асыл құндылық. Тіл – ең керемет қатынас құралы. Мерзімді басылымдарда өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін меңгергендері туралы көп жазылуда. Оқыған кезде олар үшін қуанамыз. Ал қазақ бола тұра, қазақ тілін білмейтіндер жайлы осы бағытта жұмыстансақ құба-құп болар еді. Ешкімде біліп тумайды. Бастысы білсем, үйренсем деген ниет керек. Ниет болса, талпыныс пен жігер және қызығушылық туады. Шындығында, ұлттың басты байлығы – тіл. Тілі жоғалған күні ұлттың өзі де жоғалатыны белгілі. Тілін жоғалтып, артынан өздері ұлт ретін-

де құрып кеткен халықтар қаншама.

Мемлекеттік тіл – бүкіл қазақстандықтардың тілі. Сондықтан да «Мемлекеттік тілдің проблемасы – тек қазақ халқының ғана проблемасы» – деп қарауға болмайды. Әлемдегі барлық өркениетті елдердегідей мемлекеттік басқару жүйесінде қызмет істейтіндердің бәрі бұл тілді білуге міндетті.

Қазақстанда тілді дамыту үшін барлық жағдайлар жасалынып жатыр. Ендігінің бәрі өзімізге байланысты. Қазақ тілі – қазақтың мәдениетімен біте қайнасып жатқан рухани қазынасы. Қаймақты тілді пайдаланбай, қаспақтың түрін қырғыштап жүргендерге айтарым: өркімнің ана тілі тірлік үшін керек, мемлекеттік тіл бірлік үшін керек. Соны әрбір Қазақстан азаматының жүрегімен ұққаны жөн. Тіліміздің қадірін тек тіл мерекесінде ғана емес, күнделікті көтерейік. «Ана тілін білмейтін адам мәдениетті адам санатына қосылмайды», – деп М.Әуезов айтқан екен. Тіл – аса қадірлеп ұстайтын байлығымыз. Оны білмеу – өзімізге сын.

Т.КАФЕЗОВ,
БҚО қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
соты кеңесінің сот приставы

АКЦИЯ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІ»
ТЕГІН КӨМЕК
ҰСЫНАДЫ

Акцияны мемлекеттік органдардың және Қазақстанның жоғары білікті адвокаттары мен заңгерлерінің қолдауымен «Параграф» ақпараттық желісі мен zakon.kz ақпараттық ресурсы ұйымдастырып отыр. Алғаш рет «Халық заңгері» акциясы Алматыда 2013 жылы заңгер Михаил Кленчиннің бастамасымен өткізілген екен. Содан бері акцияға мыңнан астам маман қатысып, 4 500-ден астам адам тегін құқықтық кеңес алған екен. 2016 жылы адвокат Жангелды Сүлейманов халыққа тегін кеңес беру үшін құқықтық түрлі салаларында жүрген өзінің заңгер-әріптестерін шақырып, бұл бастаманы басқа форматта жалғастыруды ұсынған. Осылайша уақыт өте келе акцияға өкілдердің, прокуратуралардың, әділет департаменттерінің өкілдері және жеке сот орындаушылар мен медиаторлар тартылған.

Заңгер Мейірман Шекеев: «Бұл акцияға 2019 жылы сарапшы ретінде шақырылып қатыстым. Бір қызығы осыған дейін іс шара туралы ақпарат мемлекеттік тілде жарияланбаған екен. Сондықтан акция туралы ақпаратты мемлекеттік тілде де берейік деген ұсынысымды Михаил Коломин, Элина Черногрицкая қуана қарсы алды. Одан қалса Михаил Коломин менің акцияның атауын тек мемлекеттік тілде «Халық заңгері» деп қалдырсақ деген ұсынысымды да құба-құп алды» дейді.

Мейірман Шекеевтің айтуынша «Мен де қазақпын!» деген Михаил Коломин акция соңында заңгерлерге берілетін алғыс хаттарды бұл жолы тек мемлекеттік тілде толтыруға шешім қабылдаған.

2020–2021 жылдары еліміздегі карантиндік шектеулерге байланысты өткізілмей қалған акция биыл жалғасын таппақ. Жақсы іске үлес қосып, заңгерлер қолға алған ізгілікті шара жөнінде айналыңызға айта жүріңіз! Сауатты, білікті заңгерлердің көмегіне зәру жандарға бұл акцияның көмегі орасан.

А.САТЫБАЛДЫ

АЙМАҚ

БІР МЕКТЕПТІҢ 95%
ТҮЛЕГІ ГРАНТ ИЕГЕРІ
АТАНДЫ

Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданының Қызылтөбе лицейінде 51 мектеп түлегі ҰБТ-ға қатысып, оның 46-сы мемлекеттік грант иеленсе, біреуі ТЖМ-нің академиясына қабылдана, тағы біреуі Түркия елінің грантын ұтып алды.



«Мектеп бітірушілердің 35-і жалпы мемлекеттік грант иегері атанды. Ал, 11 бала нысаналы грант алды. Яғни, Маңғыстау облысы түлектері үшін арнайы бөлінген 6 мың грантқа үміткер болды. Нысаналы грант алғандар инженерлік және педагогтық мамандықтарда білімін шыңдайтын болады», – дейді Мұнайлы аудандық білім бөлімінің басшысы Батырбек Демократұлы.

Аталмыш ауданына қарасты Шоғы Мұңалұлы атындағы №5 жалпы білім беретін мектеп үшін биыл жемісті жыл болды. Білім ордасының 86 түлегі ҰБТ тапсырып, оның 70-і мемлекеттік білім грантының конкурсына қатысқан. Нәтижесінде оның 69-ы грант иегері атанды.

Мұнайлы ауданы грант иеленуден өңірде көш басында тұр. Барлығы 561 грант иегері шықты. Бұл аудандағы мектеп бітірушілердің тең жартысы грант иегері атанды деген сөз. ҰБТ-да 133 балдық ең жоғары ұпайды да осы ауданның оқушысы жинады. Маңғыстаулық оқушылар халықаралық мектеп олимпиадаларында да шашасына шаң жұқтырмады. Жұлдігерлерінің суреттерімен Ақтау қаласында билбордтар ілінді. Халықаралық олимпиадаларының жүлдегер оқушыларын танымал ету арқылы балалардың білім мен ғылымға деген қызығушылығын туғызу шарасы қолға алынды.

Еуропа, Азия және ТМД елдеріндегі халықаралық пәндік олимпиадаларда әр түрлі дәрежедегі марапаттарға ие болған оқушылардың портреттері облыс орталығының LED экрандарында көрсетіле бастады және билбордтарға орналастырылды.

Мәселен, Норвегия астанасы Ослода өткен оқушылар арасындағы 63-ші Халықаралық математикалық олимпиадаға IMO–2022 элементінің 104 елінен 600 вундеркинд бала жиналды. Соның алтауы Қазақстаннан қатысты. Аталған жарыста Ақтау қаласындағы Білім-Инновация лицейінің 11- сынып оқушысы Әбу Әділет қола медальға ие болды. Осы оқушының түлегі Санжар Нұрғалиев 10-18 шілде аралығында Қытайдың Тяньцзинь қаласында онлайн режимінде өткен химия пәнінен халықаралық олимпиадада (ICHO) екінші орын алды.

Ақтау қаласының оқушылары Якутск қаласында өткен физика, химия және информатика пәндері бойынша «Туймаада» Халықаралық Олимпиадасынан да жүлделі орындарға ие болды. Онда Мұғалім Әліби мен Молдағұл Әділжан күміс, Нұрқожа Омарбаева қола медаль жеңіп алды.

«Жыл сайын әлемнің 100-ден астам елінің командалары қатысатын олимпиадада біздің оқушылар өз білімдерін дәлелдеді. Халықаралық деңгейде олар өздерінің мықты екендерін көрсетті. Бұл тек оқушылардың ғана емес, олардың ата-аналары мен ұстаздарының да үлкен еңбегі», – деп атап өтті облыстық білім басқармасының басшысы Динара Жұмашева.

Жазира ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әлемдік тәжірибеге қарасақ мемлекеттік мәртебе тілді сақтау үшін міндетті нәрсе емес. Тіл саясаты әр елде әртүрлі мәнде ұғынылады. Сондықтан БҰҰ-ның Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы өткен ғасырдың ортасында мемлекеттік және ресми тіл ұғымын бөлуді ұсынған болатын. Алайда одан әзірге нәтиже болмай тұр. Әлем елдерінің 40 пайызынан астамында күні бүгінге дейін мемлекеттік және ресми тіл жоқ. Бұл түсінік АҚШ, Жапония, Германия, Швеция сияқты елдерде заңмен де бекітілмеген. Сондай-ақ, кейбір елдерде мемлекеттік тіл мемлекеттің бір нышаны деп саналса, енді бірінде ресми тіл мемлекеттік басқару тілі мәртебесін ғана иеленеді.

Ал 2020 жылғы дерек бойынша әлемде 7174 тіл болғанымен, дүниежүзі тұрғындарының 80 пайызы 80 тілде, ал 0,2 пайызы 3,5 мың тілде сөйлейді екен. Сондықтан жаһандық ықпалдастық аса қарқынды жүріп жатқан қазіргі кезеңде қолданушылары жойылғандықтан әрбір екі аптада жанды деп саналатын тілдердің қатары бір тілге кемуде. Мұндай қауіп дер кезінде тілге деген жанашырлық, қамқорлық болмаса қазақ тілінің де басына төнуі әбден мүмкін. Бұл жағдай бізде ешқашан болмайды. Өйткені, сөздік қорымыз өте бай және әлемдегі қазақтың саны да бейресми деректерге қарағанда 18-20 млн-ға жуықтап қалды. Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие боп тұрғанда және әлемде Қазақстан деген мемлекет бар кезде қазақ тілінің басына бұлт үйірілуі мүмкін емес деп арқаны кеңге салуға болмайтынын түсінетін уақыт жетті.

Бағдарламаларға бөлінген қаржыда есеп жоқ

30 жылда қазақ тілін дамытудың бір емес бірнеше мемлекеттік бағдарламасы жасалғанымен, оның ешбірі аяғына дейін жеткізілген жоқ. Бұл бағыттағы алғашқы қадам 1990 жылғы «Қазақ тілі және Қазақ ССР-індегі басқа да ұлт тілдерін дамытудың 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасын» басталды. Сосын 1996 жылы «Қазақстан Республикасы тіл саясатының тұжырымдамасы», 1997 жылы «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заң, 1998 жылғы «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту туралы» Үкімет қаулысы шықты. 1999 жылы «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» заңның орындалуына бақылау жасаудың тәртібі туралы ережесі», 2001 жылы «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды. Сосын «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» жарық көрді. Мәселен, «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» индикаторы бойынша: 2020 жылы мемлекеттік тілді меңгерген ересек тұрғындардың үлесі («Қазгест» тапсырудың нәтижесі бойынша) – 95%; мемлекеттік тілді В1 деңгейінде меңгерген мектеп түлектерінің үлесі – 100%; мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақ тіліндегі контенттің үлесі – 70%; тұрғындардың ономастикалық комиссиялардың жұмысындағы шешім қабылдау процесін талқылау кезінде қоғамдық қолжетімділік пен ашықтық қағидаттарының сақталуына қанағаттанушылық дәрежесі – 90%; қазақ тілінің реттелген терминологиялық қорының үлесі – 100% болуы тиіс еді. Бұл үшін бағдарламаның тек бірінші кезеңінде (2011–2013) мемлекеттік бюджеттің шығыны 19 134 946 мың теңге деп жоспарланды. 2018 жылы 27 наурыздағы Үкімет отырысында мемлекеттік бағдарламаның жүзеге асуы туралы есеп берген Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедияұлы «2017 жылы мемлекеттік тілді меңгерген тұрғындардың үлесі – 83,1%, мемлекеттік тілді В1 деңгейінде меңгерген мектеп түлектерінің үлесі – 80% болды. Жүргізілген мониторинг нәтижесі бойынша мемлекеттік тілдегі құжат айналымы 92% құрады» деп айтқан еді. Егер министрдің сөзіне сенсек 2020 жылы мемлекеттік тілді меңгерген ересек тұрғындардың үлесі – 95% жетуі керек



«Мемлекеттік тіл туралы» жеке заң қажет

Жазушы, публицист, қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаның «Заң – мемлекеттің тоғыз қабат, тор көзді сауыты» деген сөзін мемлекеттік тілге қатысты да қолдануға болады. «Мемлекеттік тіл» туралы жеке заңның қажеттігін қоғам белсенділері тек айтып қана қоймай, ҚР Президентінің атына 2011 жылы ашық хат та жолдаған болатын. Сондай-ақ, К.Нәрікбаевтың жетекшілігімен әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті мен Қазақ мемлекеттік Заң университетінің заңгерлері «Мемлекеттік тіл туралы» заң жобасын жасап, оны үкіметке де ұсынған. Бірақ олар «қабылдауға әлі ерте» деп Парламент қарауына ұсынуға құлшынысын танытпады. Одан кейін 2017 жылы қоғам белсенділері бұл жобаны жұртшылық талқысына қайта ұсынғанымен, бастама билік органдарынан қолдау таппағандықтан тағы да аяқсыз қалды.

Бесінші шақырылымдағы Парламент Мәжілісінің депутаты, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Ораз

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДАМУҒА ҮШІН КОНСТИТУЦИЯНЫ ӨЗГЕРТУ КЕРЕК

еді. Алайда, бұл бағдарлама тағы да аяқсыз қалды. Сосын апыл-ғұпыл «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» қабылдап тастадық. Мұндағы жеделенген индикатор да ерекше. Атап айтқанда, латын графикалы әліпбиді пайдаланатын жазбаша коммуникацияға қатысушылар үлесі: 2022 жылы – 10%, 2023–2024 жылдар 10 пайыздан өсіп, 2025 жылы 20 пайызға өсіп 50% жетуі тиіс. Ал жыл сайын 1 пайыздан өсіп мемлекеттік тілді меңгерген халықтың үлесі – 95%; мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақ тілді контенттің үлесі – 79%; үш тілді (қазақ, орыс және ағылшын) меңгерген халықтың үлесі 31% болмақ. Бұл үшін бағдарламаны іске асыруға жұмсалатын мемлекеттік бюджет шығыны 16989,9 млн теңгені құрайды.

Өзгеден бұрын биліктегілердің өзіне сын...

Тіл зерттеушілерінің айтуынша, балалардың кемінде 70 пайызы ана тілінде сөйлейтін тілдің ғана болашағы бар. Яғни, мемлекеттік тілді білетін халқының (16,1 млн) саны жағынан әлемдік рейтингте 40-орында тұрған Қазақстанның болашағы алдымен қазақтың, одан кейін жастардың қолында. Ал оған қолдау көрсетіп, жағдай тудыру Үкіметтің міндеті болуы тиіс. Бұл жұмыста жалаң сөз емес, нақты шешім керек. Өйткені, 2019 жылға дейін биліктегі ел Президенті Н.Назарбаев: «Ұлтты – күшейтудің бірінші тетігі – тіл», «Ұлттық сана ұлттық тілмен қалыптасады», «Қазақ тілін білу – қазақтың баласына парыз, ал білмеу – ұят және өз елін де сүймегенмен бірдей», «Өз баласын қазақша сөйлетпеген қазақтың «қазақ тілі» деп сарнауының ешбір реті жоқ», «Өркениет өнегесі – өз тіліңмен өмір сүру», «Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған – оның ғажайып тілі», «Қазақ тілі мен мәдениетін дамыту міндетін шешпейінше, ұлттық саясат мүмкін болмайды», «Әсіресе, мемлекеттік қызметке қабылданған қазақ қазақша сөйлеуі керек. Болмаса басқа ұлттың өкіліне қалайша мұндай талап қоя аламыз?», «Ана тілі – бәріміздің анамыз, өйткені, ол ұлтымыздың анасы», «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін», «Ана тілін қадірлеу – әр азаматтың перзенттік парызы», «Тілге деген көзқарас, шындап келгенде, елге деген көзқарас», «Ана тіліміз – бізді ғасырдан ғасырға, заманнан заманға аман жеткізген бірден-бір арымыз да, нарымыз да», «Тарих пен тіл – тамырлас» деген сияқты жалынды сөздерді аз айтқан жоқ. Алайда Парламент палаталарының бірлескен отырыстары мен Үкімет жиындарында сөйлеген сөздерінде әрдайым қазақ, орыс тілдерін қатар қолданып,

шетелдік ықпалдарында толықтай орыс тілінде ғана сөйлеп, мемлекеттік тілді ұлықтап, оның мәртебесін асыруда өзгелерге үлгі-өнеге бола алған жоқ. Бұл жағдайдан кейін биліктің өзге саясатындағы мемлекеттік қызметшілер де түрлі жиындарда мемлекеттік тілді

сылып-қымтырылмайды. Өйткені, 2015 жылғы 23 қарашада қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңда бұл мәселеге ешкім мән бермеді. Онда «Мемлекеттік органдарда Қазақстан заңнамасында белгіленген тәртіппен

«Мемлекеттік тіл» туралы жеке заңның қажеттігін қоғам белсенділері тек айтып қана қоймай, ҚР Президентінің атына 2011 жылы ашық хат та жолдаған болатын. Сондай-ақ, К.Нәрікбаевтың жетекшілігімен әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті мен Қазақ мемлекеттік Заң университетінің заңгерлері «Мемлекеттік тіл туралы» заң жобасын жасап, оны үкіметке де ұсынған. Бірақ олар «қабылдауға әлі ерте» деп Парламент қарауына ұсынуға құлшынысын танытпады. Одан кейін 2017 жылы қоғам белсенділері бұл жобаны жұртшылық талқысына қайта ұсынғанымен, бастама билік органдарынан қолдау таппағандықтан тағы да аяқсыз қалды.

билетін қатысушылардың үлесі басым болып тұрса да ресми тілдің ығына жығылып, шетелдегі сапарларында өзінің мемлекеттік тілінде емес орыс тілінде сөйлеуді әдетке айналдырды. Оны 30 жылдық ел тарихындағы қос Мемлекет басшылары да мойындап, Н.Назарбаев «15 жылда аюға да қазақ тілін үйретуге болады» десе, Қ.Тоқаев «Қазақ тілін, шын мәнінде, бүкіл халқымызды біріктіруші факторға айналдырудың барлық құқықтық тәсілдері және кепілдіктері қалыптасты. Мәселе – ниетте. Ниеттің дұрыс болуы қазақ тілін меңгергісі келетін адамдарға да, осы мақсатқа жетуге жағдай жасайтын Үкіметке де байланысты», – дегенді айтты. Ал Мәжіліс отырысынан шыққан Қорғаныс министрі Руслан Жаксылықов «неге қазақ тілінде сұхбат бермейсіз?» – деген тілші сұрағына – «Вы знаете, вот посмотрите: наш Первый Президент – Елбасы говорил так: «Когда собираются 100 казахов и среди них один не казахоязычный, тогда мы переходим на русский язык для того, чтобы не оскорбить чьи-то чувства. Поэтому когда мы с вами будем один на один разговаривать, то казахша сөйлейміз. Жарай ма?», – деп теріс айналып кетіп қалуы соның бір көрінісі болды. Алайда бұл үшін кешіріп сұраған министрді не оған шара қолданған Үкімет басшысының әрекетін ешкім көрген де, естіген де жоқ.

Бұл біздің елде ғана бар жағдай

Мемлекеттік тілді білмейтін мемлекеттік қызметкерлер биліктің үш тірегі саналатын сотта да, Парламентте де, Үкіметте де жеткілікті. Бұл үшін онда ешкім ешкімнен қы-

республикалық немесе жергілікті бюджеттерден не ҚР Ұлттық банкінің қаражатынан ақы төленетін мемлекеттік лауазымды атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыратын Қазақстан азаматы» деп анықтама берілген мемлекеттік қызметкерге қойылатын талаптардың ішінде мемлекеттік тілді білуі әлі күнге дейін ескерілмей отыр. Осындайда Жүсіпбек Аймауытовтың: «Орыс тәрбиесін алған бала ұлт қызметкері бола алмайды», «Қазақ тәрбие алмаған, қазақша сөйлеп, қазақша ойлай алмайтын қазақтардың өзін жоғары билікке жақындатуға болмайды». Тілді түзеудің бірінші шарты – тіл, термин мәселесін біз, үкімет, өз қолымызға алуымыз керек. Тілдің билігі өкіметтің өзінде болсын» деген сөзі еріксіз еске түседі.

Мемлекеттік тілді дамыту бағдарламаларында жеделенген индикаторларға сүйенер болсақ қазір мемлекеттік тілді білетін ересек адамдардың үлесі 95 пайыз, ал мектеп жасындағылардың үлесі – 100 пайыз болуы тиіс. Яғни, мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында толықтай мемлекеттік тілді қолдануға ешқандай кедергі жоқ, болмауы да тиіс еді. Алайда шынайы өмірдегі жағдай мүлде бөлек. Басқасын былай қойғанда жұрт қарапайым қоғамдық тамақтану орындарындағы ас мәзірінің мемлекеттік тілдегі нұсқасын талап етуі үшін ғана 30 жылдай уақыт қажет болып отыр. Ал осы уақытта Парламент қабылдаған 3 мыңдай заңның ішінде басынан-аяғына дейін мемлекеттік тілде дайындалып, қабылданғанын санасақ екі қолдағы 10 саясаттың жартысы да бүгілмейді екен.

гүл Асанғазы ақпарат құралдарына берген бір сұхбатында: «Тәуелсіздікке ие болған 30 жыл ішінде мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру бойынша атқарылған жұмыстар жеткіліксіз. Егер қаласақ Тіл туралы қолданыстағы заңмен-ақ Балтық жағалауы елдері, Кеңес үкіметінің құрсауынан шыққан өзге де елдер сияқты мемлекеттік тілдің басымдылығын арттыруымызға болушы еді. Қазақстанда бәсекеге қабілетті тіл, жұмыс тілі бұрынғыша орыс тілі болып қалды. Біз тәуелсіздік алғаннан кейін орыс тілін шектеп, Қазақстан аумағында мемлекеттік тілге басымдық берілуі керек еді. Бірақ басымдық берілген жоқ. «Ең үздік үлгі – жеке бастың үлгісі» деген бар. Ал бүгінде биліктің үш тармағы да мемлекеттік тілді насихаттауда үлгі бола алмай отыр» деген еді. Оның бұл сөзін Алматы қаласындағы Тілдерді дамыту және латын графикасына көшу орталығы директорының орынбасары Бақыт Қалымбет де растап отыр. Қолданыстағы заңнамада деректемелер мен көрнекі ақпараттың, жарнаманың, тауар, сондай-ақ сатушы туралы ақпараттың мемлекеттік тілде болуы туралы норма белгіленгенімен онда ақпараттың мемлекеттік тілдегі мәнінде грамматикалық және орфографиялық қателерге жол беруге болмайтындығы нақты қарастырылмаған.

– Былтыр түбіртегіндегі қазақша мәтіндегі қателерге байланысты жеке азамат банкті сотқа берді. Аудандық сот қате болса да «ешқандай заң бұзушылық жоқ» деген шешім шығарды. Шағым иесі оған қанағаттанбай, қалалық сотқа жүгінді. Олар «заңбұзушылыққа жол берілген» деп банк тарапынан талапкерге 50 мың теңге моральдық өтемақы төлеуге шешім шығарды. Жауапкер банк бұған келіспей сотқа «қай заңның, қай бабының, қай тармағын бұзғанымыз нақты көрсетілісін» деген қарсы шағым жазды. Себебі, қолданыстағы тіл туралы заңнама талабы сақталған. Қате болса да, түбіртектің қазақша нұсқасы бар. Біз бұл мәселені орталық уәкілетті орган саналатын Тіл комитетінің қарауына да ұсындық. Олар да әлі шеше алған жоқ» дейді Бақыт Қалымбет.

Заң шығарушы билігі отыз жылда санаулы ғана заңды мемлекеттік тілде дайындап, қабылдаған Қазақстанда 2025 жылдан кейін бәрі қазақша сөйлеп кететініне сенгіміз келеді. Сенімді ақтау үшін енді тек Президент бастап, Премьер-Министр мен министрлер қоштап, әкімдер іліп алып кететін үлкен іс керек. Ол мемлекет құраушы ұлттың ғана емес, мемлекеттік тілді меңгерген өзге де азаматтардың үлесі жағынан да 95 пайыздық межеге жететін халықтың құқын қорғау үшін мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында тек қазақ тілінің үстемдік құруы.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫ

Неке және отбасы институты кез келген қалыпты қоғамның негізгі тірегі. Неке және отбасы репродуктивтік, тәрбиелік, шаруашылық-тұрмыстық және экономикалық функцияларын атқарады. Алайда бүгінгі таңда аталған функциялар іске асырылмайды. Неке өмір бойы әрекет ететін ұзақ мерзімді міндеттеме болып саналмайды.

Некенің «серіктестік» маңыздылығына қарамастан адамдардың көпшілігі өздерінің міндеттерін атқара алмай, некелерін бұзады. Егер тараптар талқылау немесе келіссөздер өткізу арқылы дауды шеше алмаса, отбасылық дау бойынша талап арызды сотқа тапсыру олар үшін оңтайлы жол бола ма? Неке-отбасы дауларын шешуде балама (оның ішінде татуластыру) әдістерінің тиімділігі қандай?

Сот процесі қанағаттанарлық нәтижеге үнемі жеткізбейді. Оны өткізуге



ТАТУЛАСТЫРУ РӘСІМДЕРІНІҢ
ТИІМДІЛІГІ

көп ақша және уақыт жұмсалады. Сот талқылауының жарыспалы сипаты тараптардың ойлау бағытын және түпкілікті мақсатын өзгертеді. Дауларды балама тәсілдермен шешудің маңыздылығы келесіде: татуластыру рәсімдер шығын және уақыт жағынан тиімді, тараптар арасындағы қатынастар және серіктестік сақталады.

Татуластыру рәсімдері – бұл дауларды балама тәсілдермен шешу түрі. ҚР Азаматтық процесілік кодексіне сәйкес татуластыру рәсімдеріне қатысатын тараптар медиативтік келісімін, татуласу келісімін және партисипативтік келісімін жасасу, сондай-ақ, басқа тәсілдер қолдану арқылы дауды шеше алады. Үшінші тұлғалар делдал болып тараптарға құқықтық, психологиялық және басқа да көмек көрсетеді. Ал партисипативтік рәсім тәртібімен дауды шешуге делдал болып қорғаушы қатысады. Дауларды балама тәсілдермен шешудің маңыздылығы ҚР Азаматтық процесілік кодексінің 17-тарауында көрсетілді.

Татуласу келісімі жөніндегі ұғым ҚР Азаматтық процесілік кодексінің 175,178-баптарында көрсетіледі. Ерлі-зайыптылар арасындағы ортақ мүлігін бөлу даулары татуласу келісімін жасасу арқылы тиімді шешіледі. Сот осы мәселені шешуге ерекше назар аударады. Сот талқылауына дайындығын өткізу кезінде татуластыру рәсімдері өзіндік міндетке ие болады.

Сотта бөлек тұратын ата-аналар көмекке толмаған балалардың тұрғылықты жерін анықтау дауларын, алимент өндіру жөніндегі дауларын медиативтік келісімдерін жасасу арқылы шешеді. Қамқоршылық және қорғаншылық органы қатысатын сот талқылауы

күрделі болғандықтан тараптар дауларын келісімге келу арқылы шешеді. Алайда сонда да келісімге келу рәсімінде тараптардың дауы, мақсаттары емес қамқоршылық және қорғаншылық органының қорытындысы, судьяның ішкі түйсігі маңызды болады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кейбір дауларды реттеу рәсімінде татуласу келісімге келу мүмкіндігі жоқ. Мысалы, әкелікті тану немесе даулау жөніндегі істер. ҚР Жоғарғы сотының 2018 жылғы 29 қарашадағы №16 «Баланың туу тегін анықтауға байланысты істерді қарау кезінде соттардың заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулының 17-тармағына сәйкес әке болуды даулау туралы істер бойынша онда қатынастар субъектісі көмекке толмаған бала болатын дау нысанының негізінде соттың татуласу келісімін, дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді, дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімді бекітуіне жол берілмейді.

Медиативтік келісім жөніндегі ұғым ҚР Азаматтық процесілік кодексінің 179,180-баптарында көрсетіледі. Отбасы ішіндегі даулар отбасы мүшелеріне жеке-жеке әсерін тигізеді. Бүгінгі таңда Қазақстанда тіркелетін некелерге қарағанда неке бұзу жағдайлары көбірек болады.

Некелік-отбасылық дауларда ерлі-зайыптылар, олардың балалары, ата-аналар, туысқандар және қамқоршылар субъектілер болады. Мұра, ортақ мүлікті бөлу және баланың тұрғылықты жерін анықтау сияқты даулардың көпшілігі отбасы ішінде шешіледі. Нәтижесінде дауларды шешу жөніндегі

талап арыздар сотқа түседі. Тараптар арасындағы әділдікке, шындыққа сот арқылы жету отбасы ішіндегі қатынастарын бұзады. Алайда, психикалық ауытқулар, тәуелділіктер бар отбасы дауларын үнемі медиация арқылы шешу мүмкін емес.

Дауды партисипативтік рәсім тәртібімен шешу ұғымы Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексінің 181,182-баптарында көрсетіледі. Дауды партисипативтік рәсім тәртібімен шешу қазақстан заңнамасындағы жаңашылық болып табылады. Партисипативтік рәсім тараптардың қорғаушылары арқылы өткізіледі. Оған үшінші тұлғалардың қатысуына мүмкіндік берілмейді. Тараптар қол қоятын жазбаша келісімі негізінде келіссөздерді өткізудің қорытындысы болады. Қорғаушылар тараптарға сотқа жеткізбей құқықтық көмек көрсетеді және дауларды шешуге қатысады.

Отбасы дауларындағы татуластыру рәсімдері дауды соттың қатысуынсыз шешу және жанжалдың себебін анықтаудың тәсілі болып табылады. Татуласу отбасылық дау шешудің рәсімін түрлендіреді және жеңілдетеді, тараптарға келісімге келу, отбасын сақтау мүмкіндігін береді.

Тараптар өз еркімен келісімге келеді және сот олардың келісімін бекітеді. Осы процесіте бейтарап үшінші тұлға (партисипативтік рәсім тәртібімен шешілетін даулардан басқа) дауласатын тұлғалардың келісімге келуіне септігін тигізеді.

М. БАТТАЛОВ,
Шахтинск қалалық сотының судьясы

ПӘРМЕН

МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІКТІҢ
БІР ТАРМАҒЫ

Кез келген өзін демократиялық деп санайтын қоғамның іргелі қағидасы заң үстемдігі. Сот билігі – қоғамның және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін заңсыз қол сұғушылықтан қорғайтын, заңның мүлтіксіз орындалуын қадағалайтын, Ата Заңымызда бекітілген мемлекеттік биліктің негізін құрайтын үш биліктің бір тармағы.

Еліміз егемендік алып, тәуелсіздік тәжін киген алғашқы жылдардан бастап, бүгінгі күнге дейін республикамыздың сот жүйесі де өзінің бірнеше даму кезеңдерінен өтті. Ұлт Жоспары аясында соттарды одан әрі жаңғыртудың маңызды құралы болып табылатын «Сот жүйесінің жеті түйіні» басым бағыттарын жүзеге асыру бойынша ауқымды жұмыстар атқарылып, нәтижесінде сот жұмысы жетілдіріліп, ол азаматтар үшін мейлінше ашық әрі қолжетімді бола түсті.

Соңғы жылдарда электрондық сот төрелігіне ерекше назар аударылып, ол халық тарапынан оң бағасын алып та үлгерді. Цифрландыру – қоғамның соттарға деген сенімін арттырудың іргелі факторы болып табылады, себебі, жаңа технологиялар сот төрелігін айқын және қолжетімді етіп қана қоймай, оны нақты қылады.

Құқық үстемдігі – заң үстемдігі. Қоғам өмірінде заң үстемдігі арқылы азаматтардың құқықтарының шынайылығы әрі мызғымастығы, олардың сенімді құқықтық мәртебесі, заңдық қорғалуы қамтамасыз етіледі. Ал, халықтың соттарға деген сенімі жоғары болғанда ғана заң үстемдігі салтанат құрады.

А.АХИБАЕВ,
Маңғыстау облыстық Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

ӘДЕБИ КЕШ

АЛАШТЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Алматы қаласы ҚАЖД қарасты ЛА-155/6 мекемесінде жақында қазақтың бас ақыны – Абай Құнанбайұлының 177 жылдық туған күніне арналған «Абай – алаштың темірқазығы!» атты мәнәрілеп олең оқудан әдеби-кешті Жамбыл атындағы мемлекеттік жасөспірімдер кітапханасының қызметкерлері және «QAZAQSTAN JASTARY» қоғамдық қорымен бірлесіп, жазалы жасөспірімдер арасында өткізді.



Әдеби кеш жазасын өтеуші жасөспірімдердің өз күштерімен даярлаған мерекелік іс-шараға жалғасты. Жазасын өтеуші жасөспірім балалар – Абайдың өлеңдерін мәнәрілеп жатқа айтып, поэмаларынан үзінділер оқыды.

Секен Бағдаулеттің орындауында «Көзімнің қарасы», Әсет Хамидулиннің «Желсіз түнде жарық ай» әндері шырқалды. Концерттік бағдарламаның соңы Жамбыл атындағы мемлекеттік жасөспірімдер кітапхана қызметкерлерінің Абай Құнанбайұлы туралы дайындаған кітап көрмесімен аяқталды.

Абай Құнанбайұлы өмір жолы, туып-өскен, оқып білім алған, қызмет еткен жерлері туралы мағлұмат беру, ғұлама ойшыл, ағартушы, жаңа әдебиеттің негізін қалаушы, ел тарихында өшпес із қалдырған қазақтың бас ақынына үлгі ала отырып, мекемедегі жазалы жасөспірімдерді, отанын, халқын сүйуге, ержүректілікке азаматтыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу мақсатында осындай кештер өткізу мекеме жоспарының негізі болып саналады.

Мерекенің соңында «QAZAQSTAN JASTARY» қоғамдық қоры жоба ұйымдастырушысы Нұржау Мади жазалы балаларды шағын сыйлықтармен марапаттады. САӨПЖБ бастығының міндетін атқарушы, әділет капитаны Сабитов Ернар келген қонақтарға мекеме бастығы атынан алғыс білдірді.

Еркегүл ЖЕҢІСХАН,
ЛА-155/6 мекемесі

МЕРЕЙ



Еліміздің тәуелсіздік алғанына отыз жылдан асты. Бұл уақыт аралығында қоғамда қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде қалыптасып, оның мәртебесі біршама жоғарылады. Мемлекеттік тілдің дамуы жолында қазақ халқының әр перзентінің атқаратын қызметі мен қосатын үлесі зор. Өйткені, тіл мәселесі өте маңызды мәселе, біріншіден, тіл – өзімізді ұлт ретінде сақтаудың қорғаны, екіншіден, барлық қазақстандықтарды біріктіруші ортақ байлығымыз.

Олай болса, мемлекеттік тілді білу – әр жанұяның, әр ұжымның негізгі мақсаты. Біз тіл арқылы ғана ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды ұрпаққа аманаттай аламыз. Бүгінгі қоғамның да алдымызға қойып отырған басты талаптарының бірі – өз ойы мен пікірін өз ана тілінде еркін жеткізе алатын, сол арқылы кез келген ортаға тез бейімделе білетін, сөйлеу тілі қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу.

ОРТАҚ ҚАЗЫНА

Қазіргі таңда біздің ана тіліміз бойындағы қиесімен ұрпақ санасына сіңіп келеді. Бұл – біздің Тәуелсіз ел ретіндегі жетістіктеріміздің тағы бірі. Мемлекеттік органдар іс жүргізу құжаттарын қазақ тіліне көшіріп, ана тіліміздің мәртебесін арттыруға үлесін қосуда.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттік басқару, заңнама, сот ісін жүргізу мен іс қағаздарын жүргізу тілі, ол мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылады. Осы орайда, еліміздің сот жүйесі де мемлекеттік тілге толықтай көшкенін айта кеткен жөн. Іс қағаздары қазақ тілінде толтырылып, сот процесі мемлекеттік тілде өткізіледі. Мемлекеттік жергілікті атқарушы және өкілді органдар тілдің дамуы үшін барлық жағдайларды туғызуға міндетті. Мемлекеттік құжаттардың қазақ тіліне көшіп, мемлекеттік қызметшілердің ана тілінде сөйлеуі – тіл саясатын жүзеге асыру барысында атқарылып жатқан ауқымды шаралар. Қазіргі уақытта еліміздің әр облысында тіл орталықтары құрылған. Солардың көмегімен елімізде мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру бағытында ауқымды жұмыстар атқарылды.

Облысымызда бүгінгі күні талапқа сәйкес барлық мемлекеттік органдар аппараттары мен құрылымдық бөлімшелерінде мемлекеттік тілде құжат

дайындай алатын мамандар алынып, мемлекеттік қызметшілер аз көлемді құжат, азаматтардан келген өтініштерге жауап, өндірістік бұйрық, актілер, хаттамалар сияқты шағын мәтіндерді мемлекеттік тілде дайындауда. Көптеген құжаттар мемлекеттік және ресми тілдерде жүргізілуде. Алайда, мемлекеттік тілде хат алмасудың сандық көрсеткіші төмен болып отыр. Сондықтан да, мемлекеттік тілді білу – қажеттілік екенін насихаттаудың маңызы зор. Барлық қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы ретінде мемлекеттік тілдің жан-жақты дамытылуы, құқық қорғау органдарымен қылмыстық, әкімшілік сот ісін жүргізудегі тілін таңдау құқығын сақтау бөлігінде мемлекеттік тілдің қолданылуының кеңейтілуі, әкімшілік істер бойынша қазақ ұлттық құқық бұзушыға қазақ тілінде хаттама толтырылуы жөнінде айтылып отырады.

Адамдар арасындағы бірлікті ұстап тұрған тіл мәселесі маңызды. Еліміз дамып, мемлекетіміз өркендесін десек, әуелі ұлтты ұйымдастырудың құралы болып отырған қазақ тілінің мәртебесін көтеруде белсенділік танытуымыз керек деп ойлаймын.

А.АРАЛБАЕВА,
Мұғалжар аудандық сотының бас маманы-сот мәжілісінің хатшысы

ИГІ ШАРА

ОБЛЫСТЫҚ КІТАПХАНАДАН –
30 КІТАП

Қызылорда облысы бойынша ЗК-169/1 мекемесінің кітапханасына Әбілда Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы 30 кітап сыйға тартты.

Бұл кітаптарды мекеме бастығының тәрбие жөніндегі орынбасары, әділет майоры Олжабаев Қайрат кітапхана қорын арттыру әрі сотталғандарды тәрбиелеуге пайдалану мақсатында сұратқан еді. Мекеме тарапынан жіберілген сұранысқа аз уақыт ішінде жауап берген рухани ордадан бүгінгі таңда 30 кітап алынып, мекеме кітапханасының қорына қосылды.

Әкелінген кітаптарды алдымен теологтар мен ЗК-169/1 мекемесінің қызметкерлері тексерістен өткізді. Тексеру барысында әкелінген құнды сыйлар арасынан радикалдық бағыттағы және шытырман оқиғалы туындылар мен мекеме ішіне алып өтуге тыйым салынған заттар анықталған жоқ. Бұл кітаптардың ішінде қазақ әдебиетінің классик жазушыларының, қазақтың бес арысының да, шығармалары бар.

– Кітаптарды сыйға тартқан кітапхана басшылықтарына алғысымызды білдіре отырып, сабырлы ұстаз саналатын кітаптың, жазасын өтеуші жандардың тузу жолға түсуіне септігін тигізетініне сенімім мол – деді, майор Қ.Олжабаев.

«Кітап – ең сабырлы ұстаз! Тек кітап қана қайырымдылық пен айуандықтың, ақиқат пен жалғанның аражігін айнытпай танып білуге үйретеді» деп, айтылғандай бұл құнды дүниелердің сотталғандарды тәрбиелеуге игі әсері болатыны анық. Өйткені, мекемеде жазасын өтеушілер арасында «артық білім кітапта, ерінбе оқып білуге» – қағидасын ұстанатындар саны жеткілікті.

Р.НАРБЕК

ЖИЫН

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаевтың төрағалығымен аймаққа инвестиция тарту мәселесіне байланысты Өңірлік үйлестіру кеңесінің бірінші отырысы өтті.

Жетісу өңірі – негізінен ауыл шаруашылығымен айналысатын аймақ. Облысқа инвестиция тарту бізге өте қажет. Сондықтан осы өңірлік үйлестіру кеңесін құрып, бүгін бірінші отырысын өткізіп отырмыз. Комиссия өз құзыреті шегінде қолайлы инвестициялық жағдай қалыптастыру мен индустриалды саясатты тиімді жүргізу жұмыстарын үйлестіріп отырады. Өңірде инвесторлардың көмегімен халықтың бірқатар әлеуметтік мәселелерін шешуге болады, – деді Б.Исабаев.

Отырыста екі жоба талқыланды. Атап айтқанда, Алакөл ауданы Достық бекеті маңында «DAR Rail INFRASTRUCTURE» жүк терминалы салынады. Бұған дейін биылғы жылдың сәуір айында облыс әкімдігі мен компания арасында меморандум жасалған еді. Компанияның бас ди-

Өңірлік үйлестіру кеңесінің алғашқы отырысы өтті



ректоры Максим Матюктің айтуынша, жобаның жалпы құны 67,4 млн АҚШ доллары көлемінде. 225 жұмыс орны құрылады деп жоспарланған. Алакөл ауданы секілді шекаралық аймақта жүк

тасымалы көлемін арттыруды мақсат етіп отырған жобаның облыс үшін берері мол болмақ. Комиссия мүшелері инвесторларға бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі, жергілікті тұрғындар-

ды жұмысқа тарту, құрылыс кезінде жергілікті өнімдерді пайдалану жөнінде сұрақтарын қойды.

Облыс әкімі логистикалық парк жұмысына қажетті мамандарды жергілікті колледждермен келісе отырып дайындауға мүмкіндік бар екенін айтты. Компания басшылығы осы жағын ескеруі керек. Жалпы, жобаны іске асыру 7 жылға, яғни 4 кезеңге бөлінген. Соның ішінде, құрылысқа қажетті құжаттар дайындауға екі жыл мерзім белгіленген екен. Бейбіт Исабаев инвесторға осы уақытты неғұрлым қысқарту жағын да қарастыруды ұсынды.

Таныстырылған екінші жобаға келсек, Текеліде «Электромарганец» ЖШС темірді тікелей қалпына келтіретін кәсіпорын салуда. Оның қуаты жылына 20 мың тонна өнім шығаруға жетеді. Сонымен қатар зауыттың толық циклы іске асу үшін оған автотөлік цехінің қосалқы инфрақұрылымын да салу

қажет. Осы жобаны таныстырған серіктестік басшысы Жақсылық Жорақұлов темірді тікелей қалпына келтіретін зауыттың құрылысы қазан айында аяқталатынын айтты. Мұнда қазірдің өзінде 100-ге тарта адам жұмысқа қабылданған.

Осы ретте облыс әкімі Бейбіт Исабаев зауыт құрылтайшысымен алдыңғы кездесуде текелілік аз қамтылған бірқатар отбасының үйіне газ тарту жағынан қолдау көрсету туралы өзара әңгіме болғанын еске салды. «Инвестициялық жобалар жүзеге асырылып, халыққа жұмыс беріп, жалақы төлеп, өнеркәсіп өндірісін өркендетіп отырса, біз үшін бастығы осы», – деді облыс әкімі.

Отырыста осы екі жобаны инвестициялық ретінде тану мәселесіне комиссия мүшелері бірауыздан дауыс берді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

ӘРТҮРЛІ

2. Назар аударыңыз, конкурс!

Қарағанды қаласының әкімдігі Қарағанды қаласында Әлихан Бөкейханға және Ақселеу Сейдімбекке орнатылатын ескерткіштердің ең үздік жобаларына ашық конкурс өткізілетінін хабарлайды. Конкурстық жобаның құрамы және басқа шарттары конкурстық құжаттарда көрсетілген. Конкурстық қатысуға еліміздің барлық өңірлерінен мүдделі заңды және жеке тұлғалар, сәулетшілер, мүсіншілер, жобалық институттар, шығармашылық студиялар шақырылады. Конкурстық құжаттардың электрондық нұсқасын төмендегі мекенжайдан: 100000, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 45 үй, «Қарағанды қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі» ММ, тел.: 8(7212)785525, 421461, E-mail: karkultura@mail.ru тегін алуға болады. Конкурстық қатысу туралы конкурстық тапсырыс, жемілделген конвертте Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 45 үй, «Қарағанды қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесіне тапсырылады (жіберіледі). Конкурстық тапсырысты берудің соңғы уақыты 2022 жылдың 16 қазаны, 18.00 сағатқа дейін. Конкурстық тапсырыстың конверттерін ашу 2022 жылдың 18 қазаны сағ. 10.00-де төмендегі мекенжайда өткізіледі: Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 39 үй, «Қарағанды қаласы әкімінің аппараты» ММ, мәжіліс залы. Ұсыныс берушілерге конкурстық тапсырыстар бар конверттерді ашу кезінде қатысуларына болады. Қосымша ақпаратты және анықтаманы мына телефондардан алуға болады: 8 (7212) 785525, 421461.

4. «Zhanashyr Project (Жанашыр Проджект)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Атқарушы органының орналасқан жері: Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Ерубаев көшесі, 52/2), БСН 141240027594, «Қазакмыс корпорациясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (орналасқан жері және мекенжайы: ҚР, М01У2А7 Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Абай көшесі, 12 құрылыс) қосылу жолымен өзін қайта ұйымдастыруы туралы хабарлайды. Сондай-ақ «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР 22.04.1998 жылғы №220-1 заңы 62-бабының 2-тармағына сәйкес, «Zhanashyr Project (Жанашыр Проджект)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің барлық құқықтары мен міндеттемелері толығымен «Қазакмыс корпорациясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне өтетінін хабарлаймыз. Негізгерлердің талап-шағымдары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Ерубаев көшесі, 52/2 және Абай көшесі, 12 құрылыс.

12. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет комитеті «Қазақстан Республикасының «Салтанат» мемлекеттік би ансамблі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары 1. Орналасқан орнын, пошталық мекенжайын, телефонны көрсете отырып, кәсіпорынның атауы, оның негізгі қызметінің қысқана сипаттамасы: «Қазақстан Республикасының «Салтанат» мемлекеттік би ансамблі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 158 үй мекенжайында орналасқан, 8 (727) 292-64-62. Кәсіпорын қызметінің мәні мәдениет саласында қызметті жүзеге асыру болып табылады. Кәсіпорын қызметінің мақсаты мемлекеттік хореография өнері саласындағы мәдениет саясатын тәжірибелік іске асыруға бағытталған сахналық көпшілік іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу болып табылады. 2. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Педагогикалық ғылымдар (музыкалық білім, тілдер мен әдебиет бойынша) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша мәдениет ұйымдарында басшылық персонал лауазымдарда 5 жылдан кем емес жұмыс өтті. 3. Лауазымдық міндеттері: Ұйымның шығармашылық, өндірістік, шаруашылық және қаржылық қызметіне басшылық етеді, мүлктің сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді, сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады, Ұйым қызметінің саясаты мен стратегиясын белгілейді, қаржылық және материалдық қамтамасыз етуді, күнтізбелік және ұзақмерзімді репертуарлық жоспарларды әзірлеуді, репертуарды жалға беруді, жана және қайта қойылатын қойылымдарды (спектакльдер, концерттер) шығаруды ұйымдастырады, қойылымдық топтар мен орнатушылардың құрамын, бөзіндіру әкізділерін және мәкеттерін, жана және қайта қойылатын қойылымдардың (спектакльдер, концерттер) жұмыс жоспарларын мен кестелерін бекітеді, Ұйымды білікті мамандармен қамтамасыз ету және олардың кәсіби білімдері мен тәжірибелерін дамыту, еңбек жағдайларын жасау, ұжымда қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру жөніндегі шараларды қабылдайды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады, директор орынбасарларына, шығармашылық, өндірістік бөлімшелердің басшыларына және Ұйымның лауазымдық тұлғаларына жұмыстың жеке бағыттарын бөледі, шарттарды және мәмілелерді жасайды, қажетті есептіктердің жиналуын қамтамасыз етеді, Ұйым қызметкерлерімен еңбек шарттарын жасасады және бұзады, бұйрықтар шығарады, сотта, мемлекеттік органдарда және ұйымдарда ансамбльдің мүддесіне өкілдік етеді, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді. 4. Біліуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясы; Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіні; Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіні; Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіні; «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының кодексіні; Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіні; «Авторылық құқық және сабақтастық туралы», «Мәдениет туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылғы 30 қарашадан № РК ДСМ-223/2020 бұйрығымен бекітілген Дүртірге дейінгі медициналық көмек көрсету қағидаларын. 5. Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады: 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш; 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме; 3) еркін нысанда жазылған өмірбаян; 4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері; 5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі мен соңғы жұмыс орнының жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқталатынаны туралы бұйрықтардың көшірмелері; 6) 075-у нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама; Конкурсқа қатысушысы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне кәсіби дәйрелік деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.) бере алады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған сәттен бастап 15 (он бес) күн ішінде 2022 жылғы 19 тамыздан бастап 2022 жылғы 2 қыркүйек аралығында жүргізіледі. 6. Конкурсның өткізілетін күні мен орны: Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 15-кіреберіс, онлайн форматтында. Конкурсқа қатысушыларға өнімделесу өткізу күні қосымша хабарланады. Құжаттар қолма-қол немесе пошта арқылы: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 15-кіреберіс, 314 кабинет мекенжайы бойынша қабылданады. Толық ақпаратты +7 (7172) 74-02-52, 74-06-55 телефондары бойынша алуға болады.

6. «New City Development» (Нью Сити Девелопмент) ЖШС кредиторларының назарына! «New City Development» (Нью Сити Девелопмент) ЖШС Тарату комиссиясы, орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050000 индексі, Алматы қаласы, Медеу ауданы, әл-Фараби даңғылы, 36, ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Қазақстан Республикасының қолданысындағы заңнамасымен және «New City Development» (Нью Сити Девелопмент) ЖШС-ның жүзеге асырылған бекітілген тәртіппен және мерзіммен тарату жүзеге асырылады. Кредиторлардың талап-өтініштері «New City Development» (Нью Сити Девелопмент) ЖШС-ке, тарату комиссиясымен жазбаша түрде осы хабарландыру жарияланған күннен бастап мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, 050000 индексі, Алматы қаласы, Медеу ауданы, әл-Фараби даңғылы, 36, екі күнтізбелік ай ішінде қабылданады.

13. «Нұр-Астық 2005» ЖШС (БСН 041240003000) барлық қатысушыларға кезектен тыс жалпы жиналыстың өтетіндігін хабарлайды.

Жалпы жиналыс келесі мекенжай бойынша өткізіледі: Қарағанды облысы, Нура ауданы, Егінді а/о, Егінді ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 23 үй.

Жалпы жиналыстың өтетін уақыты: 2022 жылдың 23 қыркүйек күні, сағат 12:00-де.

КҮН ТӨРТБІНДЕ: Мұрагерлік құқық мирасқорлығына байланысты «Нұр-Астық 2005» ЖШС жарғылық капиталындағы үлестерін қайта ресімдеу.

14. Павлодар қалалық сотымен арыз беруші Давыдова Ирина Валерьевнаның, тұрғылықты мекенжайы Павлодар қаласы, Торайғыров көшесі, 6, пәтер 48, азамат Дмитрий Юрьевич Толмачёвті, 27.01.1978 жылы туған, Павлодар облысының тұмасы, хабарсыз кетті деп тану туралы арыз бойынша қозғалған азаматтық іс өндіріске қабылданды. Аталған азаматтың жүрген жері туралы мәліметтері бар адамға жарияланым берілген күннен бастап үш ай мерзімде бұл туралы ақпаратты Павлодар қаласы, Генерал Дүйсенов көшесі 80, тел: 8(7182)66-10-29 , 87054962267, мекенжайында орналасқан Павлодар қалалық сотына хабарлауды сұраймыз.

ТАРАТУ

7. «Нарын ұландары» жастар қоғамдық бірлестігі, БИН 110640018938 (Қазақстан Республикасы, 090000, Батыс Қазақстан облысы, Бөкейорда ауданы, Хан ордасы ауылы, Уразбаева көшесі, 63 үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Батыс Қазақстан облысы, Бөкей ордасы ауданы, Сайқын ауылы, Темір Масин көшесі, 1А үй. Тел.: 87114022007, 87058062682.

9. «Зерде» ұлттық инфокоммуникация холдингі» АҚ (БСН 080940016280) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/15, тел.: 8(7172)57-07-78, 57-09-08, 57-08-20.

10. «Ломбард Алтын Арна» ЖШС, БСН 100840011738, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, А. Петров көшесі, 24 ғимарат, «Евразия» СО, 3-қабат, кеңсе. 2 орын.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының басшылығы, судьялары мен аппараты Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің мүшесі Әлібек Ақылбекұлы Темірбековтің Оралбек Ақылбекұлы Темірбековтің қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының басшылығы, судьялары мен аппараты еліміздің сот жүйесінің ардагері, отставкадағы судья Ергали Бейсембайұлы Қанадановтың қайтыс болуына байланысты оның отбасына және туған-туыстарына ауыр қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,
8 (708) 929-98-74
E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:
ЖК «Кандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агентігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73
www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru
Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.
«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22.
E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.
ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.
«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).
«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы), FBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com
ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.
Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701
«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.
«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.
«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-37-67, 32-49-04.

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.
ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.
Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.
«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.
ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.
«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.
«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.
ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.
«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 8705847221.
ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.
«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78
ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.
ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.
ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Телле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.
ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА

Уақыт түнгі он бірлер шамасы болатын. Көкшетау қалалық ішкі істер бөлімінің жауапты кезекшісі, аға лейтенант Тастанов халық жасақшылары штабымен хабарласпақшы болып трубкаға қолын соза бергені сол еді, телефон безек қағып, шырылдай жөнелді.

– Алло, қалалық ішкі істер бөлімі тыңдап тұр!.. Кім, не дейсіз?

Арғы жақтан естілген дауысқа құлақ қойып, үнсіз ғана тыңдап тұрған жас жігіт алғашында абыржып қалғандай сыңай танытып, әрі-беріден соң ақ қағаз бетіне әлденені асығыс жаза бастады. Сонсоң ол әлгі адамға қысқа-қысқа сұрақ беріп, аздан кейін трубканы қайта қолына алып, қалалық ішкі істер бөлімінің бастығы Николай Николаевич Федоровтың пәтеріне телефон соқты.

– Жолдас подполковник, темір-жолдың арғы бетіндегі он бірінші үйде тұратын Малогиинді біреулер пышақтап кетіпті. Жедел жәрдем машинасы да сонда барып үлгерген көрінеді.

– Жарайды. Мен қазір келемін. Әлгі әдіріс бойынша тезірек оперативтік топты аттандыр. Содан кейін бөлімнің басқа қызметкерлеріне де хабар жеткізгейсің.

– Құп болады, жолдас подполковник!..

Солтүстік өңірдегі іргелі облыс орталығының бірі саналатын Көкшетау қалалық прокуратурасының аға тергеушісі Виктор Афанасьев қайғылы оқиға болған үйдің ішін, түкпір-түкпірдің бәрін түгел қонарыстырып қарап, айғақ болар деген заттарды жіпке тізгендей етіп хаттама толтырып отырған-ды. Кенеттен оның көзіне ас столдың астында жатқан ер адамның көнеулеу сұр күртесі түсті. Жең ұшында шашыраған қызыл дақтар да байқалады. Куә ретінде осында шақырылған көрші әйелдердің бірі әлгі сұр күртені көргенде оқыс алға ұмтылды да, қайтадан сол орнында тұрып қалды. Әлгі сәтті байқап қалған екінші тергеуші Әбілдин оған жақынырақ келіп:

– Тегінде сіз мына күртенің иесін танысыз білем, – деді. Әлгі әйел ләм деп жақ ашар емес. Өз-өзінен кипалақтап, бозарып кетті. Жанындағы құрбысы:

– Көргенің рас па, жасырмай бәрін де айт. Кісі өлтірушіге еш ауышылық болмасын, – деп жеңінен тартқылап еді, әлгі әйел есі енді кіргендей өз білгенін тергеуші жігітке тәптіштеп түсіндіре бастады.

– Кешкі сағат 9-дың кезі болатын, – деді ол. – Малогиинмен бірге мына сұр күртені киген бейтаныс біреудің осы үйге кіріп бара жатқандарын көзім шалды. Екеуінің қолдарында екі-үш шыны арағы да бар-ды. Сұр күртелі бөгде жігітті бұған дейін де Малогиинмен бірге жүргенін көзім шалғаны бар. Оның аты-жөнін осы үйдегі кішкентай бала білуге тиіс...

– Ол бала қайда қазір?
– Көрші үйлердің бірінде ұйықтап жатыр... Қатты қорыққандық болуы керек, жылап-жылап жаңа ғана көзі ілікті.

– Олай болса, сол баланы шошытып алмай, тезірек оятыңыздар, қылмыскерді ұзатпай ұстауымызға септігі тиер, – деді тергеуші отырған орнынан қозғалып.

Ұйқыдан оянган он бірлер шамасындағы жас бала әуел баста қайда



СҰР КҮРТЕ

(Болған оқиға ізімен)

отырғандығына таңырқаған жандай айналасына жалтақтап қараумен болды. Тек сырт жақтан полиция киімін киген Әбілдин мен Афанасьев кіріп келгенде ғана әлдене есіне түскендей екі бетін басып, шыңғыра жылап қоя берді. Оның көз алдынан әкесінің жантүршігерлік қорқынышты өлімі тағы бір елес беріп өткендей еді. Шешесі болса кішкентай Леночкасымен бірге жақын маңда Зерендідегі демалыс үйінде тынығып жатқан-ды.

– Сенің атың кім?

– Са... Са-ша, – деді бала солқ-солқ етіп, әлі де болса өксігін баса алмай.

– Саша, сен текке жасып жылай берме. Өзің де үлкен жігіт емесің? Онан да болған оқиғаны айтып, бізге қылмыскерді тезірек ұстауымызға көмек көрсет. Келістік пе, осыған?!

Бала үнсіз ғана басын изеді. Сонда да екі иығы селк-селк етіп, әлі кемсендеп қояды. Сапар болса жан қалтасынан қол орамалын алып, оның бет-аузын сүртті де алақанымен мандайынан сипап:

– Сен біздің қойған сұрағымызға асықпай, анықтап жауап бер. Ұмытып қалған бірдене болса есіңе түсіріп, ойланып көр. Жарай ма?..

– Жарайды...

– Үйге кеше кімдер келді?

– Володя ағай келді.

– Фамилиясын білесің бе?

– Жок...

– Тұратын жерін ше?!

– Білмеймін...

– Оның қасында басқа біреулер болды ма?

– Иә...

– Кімдер?

– Люся апай мен Руслан бірге ере келді.

– Руслан деген кім?

– Люся апайдың баласы.

– Олардың қайда тұратынын білесің бе?

– Жок, білмеймін...

– Ал, Русланның жасы нешеде?

– Менімен жасты. Осы қаладағы №14 мектепте оқиды.

– Папам үшеуі қосылып арақ ішті. Біз Руслан екеуміз төргі бөлмеде ойнап отырғанбыз. Ойымызда дәнене жоқ-ты. Кенет қарсы бөлмеден айғай-шу шықты. Әуелде қорқақтап

отырған орнымыздан тырп етпедік. Бірақ арғы жақта тарс етіп сынған шынының даусы, одан кейін Люся апайдың жанұшырып шыңғырғаны естілді. Біз де жүгіріп барып, есікті ашқанымызда Володя ағайдың стол үстіндегі ағаш сапты пышақты ала салып папамның тап ішінен ұрып қалғанын көріп, қорыққанымын керулеттің астына кіріп кеттім.

Іле оперативтік топ мүшелері қаланың қақ ортасынан орын тепкен мектеп есігін ашқызып, оқушылар журналынан Руслан есімді баланы іздестірді. Әрі оның ата-анасының кімдер екендігін және қай жерде тұратындығын анықтай бастады. Әкесі жок болып шықты. Шешесінің аты – Люся, фамилиясы Раева екен.

Бөгде адамдардың сыбысын сезген ауладағы қара төбет арс-арс етіп, абалап қараңғы түнді басына көтерді. Мойнындағы жуан шыңырды да үзіп кетердей оршелене ұмтылып, жұлқынып-жұлқынып қояды. Сыртқы есік бекітілмеген екен. Бірақ үй-ішінде жарық көрінбейді. Кіреберіс дәліздің есігі іштен ілініпті. Бұл еш жерде жұмыс істемейтін ішімдікке жаны әуес Савич Полина деген әйелдің үйі еді. Раева осында пәтерде тұратын көрінеді. Полиция қызметкерлерінің ұзақ уақыт есік-терезені қаққанына қарамастан іштен қыбыр еткен жанның сыбысы білінбеді. Көптен кейін ғана іштен:

– Кім әй бұл, кім керек сендерге, – деген әйелдің қырылдаған дауысы естілді.

– Полицияданбыз. Есікті ашыңыз!..

Осы сөзді естісімен-ақ ілгекті тарс еткізіп ашып жіберген Савич жып беріп төргі бөлмеге еніп кетті. Оның соңын ала ілезде ішке кірген Әбілдин мен Афанасьевқа бұл қолындағы балтасымен тұра ұмтылды. Бірақ тездетіп жіті қимылдаған жігіттер оның балтасын жұлып алып, қарсыдағы орындыққа отыруын талап етті.

Есін енді ғана жиған Савич өзінің жаңсақ қимылын жуып-шаймақ ниетпен:

– Кешіріңіздер, мен басқа біреулер ме деп ойлап қалдым, – деп мінгір-

леді. Шашы да қобырап кетіпті.

– Сіздікіндегі пәтерші әйел қайда?
– Люся ма? Тәйірі, қайдан білейін оны мен. Андып жүр дейсіз бе соңынан...

– Сонда да жеті қараңғы түнде қайда барып түнейді деп ойлайсыз? Айтыңызшы?

– Е, кеткен шығар тағы да Володясымен. Мана осында іздеп келіп еді.

– Володя дегеніңіз кім? Әдірісін білмейсіз бе?

– Е, кім біліпті соны. Тек осындағы бір шеберханада етікші болып істеймін дегенін құлағым шалып қалғаны бар. Өзіне қойылған сұраққа да Полина Савич түлкі бұлаңға салып, мардымды жауап қайтармады. Ендігі уақытты текке алмайын деген оймен Сапар Әбілдин әлгі үйге тосқауыл қалдырды да өзі тездетіп полиция бөліміне жүріп кетті. Көп ұзамай Володьяның тұратын мекені де анықталды. Ол бұрын да сотталып, түрмеде отырып шыққан Кравцов деген алаяқ болып шықты. Темір торға тоғытылып, жаза тартуына себеп – Зинаида есімді жесір келіншекке үйленіп, артынша-ақ ішімдікке салынып, күндердің күнінде кезекті ішістен соң Зинаидамен шекісіп, оны қылқындырып өлтірген екен. Сөйтіп, осы қылмысты жасағанға дейін де жазықсыз кісі қанын мойнына жүктеп «маньяк» атанған бұл ойда-жолта «ашы судан» қырсығынан тағы да заң қызметкерлерінің құрығына ілігетіндігін сезбеген де еді. Соңғы кезде осындағы бір кәсіпорында етікші болып істейді екен.

...Сырттан естілген қатты дыбыстан Кравцов шошып оянды. Жалма-жан төсегінен атып тұрып, қалтасындағы өткір кездігін суырып алды да, әлденесін жоғалтқандай әрлі-берлі қарманып, сипалақтай бастады. Қолына біреудің денесі тиді. Люся екен. Қаннен-қаперсіз ұйықтап жатыр. Көңілі енді ғана сәл-пәл тынышталғандай болған бұл көрпесін қайта қымтанып, бұйығып, орнына жата бергені сол еді, дүрс-дүрс етіп есік қайта қағылды. Алғашында түсім

шығар деп оншалықты көңіл бөлмеген бұл мына дүрсілдің тегін еместігін сезіп, жүрегі қатты қобалжып кетті. «Өттеген-ай, деп ойлады ол, бекерден бекер ұсталған екенмін. Мына екеуін бүкіл қаланы шарлатып, пәтеріме жаяу әкелгенімше, жоқтауын мана асырып өлтіріп кетпеймін. Енді өзіме куә болатын болды», деп қолындағы алмас кездігін жоғары көтере бергенде:

– Кравцов, біз полицияданбыз, есікті тезірек аш! – деген айбарлы дауыс қаттырақ естілді.

Тергеушінің кабинеті. Бөлме іші құлаққа ұрған танадай тып-тыныш. Тек қабырғадағы аспалы сағат тілі ғана сырт-сырт соғады. Қарсы орында отырған Кравцовтың ұнжырғасы мүлдем түсіп кетіпті. Стол үстіндегі өзінің сұр күртесіне анда-санда көзінің астымен ұрланып қарап қояды. Сөйтеді де өз қылмысынан өзі жеріген жандай қайта-қайта басын шайқап, ернін тістелей береді. Көз алдынан кешегі қанды оқиға біртіндеп елес беріп өтіп жатыр.

...Люсяны іздеп барған бұл үй иесі әйелмен жоқтан өзгеге бола шекісіп қалады да сыртқа шығып сенделіп келе жатады. Келесі көшеге қарай бұрыла бергенінде іздеген жоғы алдынан табылып, танысы Раева бұған баласымен қарсы ұшырасады. «Бөтен біреудікінен не аламыз, бармай-ақ қойайық» дегенін қарамастан ол әйел мен баланың қолынан жетелеп, өзінің бөтелкелесі Малогииннің пәтеріне алып келеді. Жолшыбай іргедегі азық-түлік сататын ларекке соғып, «Московская» деп аталатын арақтың бір бөтелкесін Люсяның қолындағы пакетке салып, орап алады. Тіске басарға қалтасында көк тиын да қалмаған соң әлгі әйелден «қарызға» деп бес сомдықты сұрап алып, бағасы арзандау ливерная шұжығын да ала кетеді. Күтпеген қонақтарды үй иесі де жылы жүзбен қарсы алады. Оны-мұныны тілге тиек етіп, әңгімелерін жалғастырып болады. Малогиин соңғы кезде өзінің кездейсоқ суық тиіп, тұмауратып жүргендігін айтады. «Жұмысымда да береке болмай кетті» дейді ол. Азын-аулақ ақшаға күнқоры де қиынға соғып жүргендігін жасырмайды. Енді неде болса тағдырдың жазғанын көрермін, деп өзіне-өзі жігер де беріп қояды. Әрі-беріден соң бұлар әңгімелері түгесілді-ау дегенде жақын маңдағы дүкеннен екеуі тағы да екі-үш шөлмек арақ әкеліп, ауызғы бөлмеде отырып ішуге кіріседі. Одан кейінгі жағдай үй иесінің баласы Сашаның айтқанымен дәлме-дәл келеді.

Шамадан тыс кетіп, жазықсыз жанның өмірін қиғанын артынан барып сезген Кравцов содан соң Раева мен Русланды соңынан ертіп алып, өз ұясынан өзі жеріп қашқан қорқау қасқырдай сонау теміржол сыртынан қараңғы түн ішінде қаланың екінші шетіндегі пәтеріне жаяу әкеледі. Қарсыласып әлде неңдей сөз айтса өзінің де жазым боларын түсінген әрі оның мына қылығынан өлердей қорыққан әйел баласын жетектеп мұның соңынан үн-түнсіз ере береді. Ертенгі күні Кравцов бұларды алып басқа жакқа кететіндігін айтады...

Бірақ ол оперативтік топ мүшелерінің тез қимылдауының арқасында осы түннің өзінде-ақ қолға түсетіндігін сезбеген еді...

Сайлау КӨШКЕНУЛЫ,
Қазақстанның Құрметті
журналисі, сатирик жазушы,
енбек ардагері.

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5527 дана
Апталық таралым 11 054 дана

Тапсырыс №118 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31